БЕЙСЕНБІ
№69 (4317)
22.06.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ВОЛОНТЕР БОЛУ – ОТАНШЫЛДЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

Мемлекет басшысы Халықаралық волонтерлер форумына қатысты. Президент өз сөзінде мемлекет пен қоғамның сенімді серіктестігі маңызды екенін атап өтіп, еріктілер қоғамда айрықша рөл атқаратынын айтты.

– Қазақстанда 2020 жыл еріктілер жылы болды, біраз шаруа атқарылды. Қазір еліміздегі волонтерлік ұйымдар саны үш есе өсті, яғни 680 ұйым бар. Еріктілердің саны 200 мыңға жетті. Барлық аймақта фронт-офистер ашылды. Онда мыңдаған волонтер дайындықтан өтті. Qazvolunteer.kz платформасы жасалды. Яғни, бүгінгі таңда Қазақстанда кез келген адам еріктілер тобына мүше болып, пайдалы іске өз үлесін қоса алады. Шын мәнінде, бұл – зор мүмкіндік. Сондай-ақ біздің волонтерлер Иордания, Кения, Таиланд және Түркия елдеріне арнайы барып, тәжірибе жинақтады. Осы тұста мен Қазақстан еріктілеріне қолдау көрсетіп жүрген Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдеріне алғыс айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент волонтер болу, ең алдымен, патриотизмнің, яғни отаншылдықтың жарқын көрінісі деп санайды. Бұл – адамгершілік құндылықтарын бәрінен жоғары қоятын жандардың өмір салты.

– Еріктілер өнегелі істері арқылы қоғамды дамытуға зор үлес қосады. Жанашырлық – қазақтың қанында бар қасиет. Халқымыз қиындыққа тап болған адамдардан көмегін аямаған. Ел басына күн туған қиын-қыстау сәтте «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара» білген. Қазақстанға жер аударылған талай этнос өкілдерін бауырына басып, барын бөліскен. Сондықтан бүгінгі жиынның мақсаты халқымыздың болмысымен үндес екені сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құратынын атап өтіп, барлық еріктілерді Адал азамат деуге болатынын айтты.

– Маған еріктілер мен қайырымды жандардың «кең ауқымда ойла, соған сай әрекет ет» деген қағидаға сүйеніп жұмыс істейтіні ұнайды. Шын мәнінде, ертеңгі жарқын болашаққа жету үшін біз бүгін батыл қадамдар жасауымыз керек. Бұл ұстаным экологиялық мәдениет пен саналы тұтыну дәстүрін қалыптастыру үшін өте өзекті. Ол үшін адамдардың санасезімі мен дүниетанымын өзгерту керек. Тек сонда ғана реформалардың нәтижесі тұрақты әрі мәңгілік сипатқа ие болады. Тұлғаның жеке үлгі көрсетуі және «тең – теңімен» қағидатын ұстануы волонтерліктің негізгі қозғаушы күші деп санаймын. Идеяларды белсенді түрде тарату және қайырымдылықты насихаттау қоғам дамуының жауапты азамат және патриотизм ұғымдарына негізделген жаңа парадигмаларын қалыптастыруға ықпал етеді. Осы себепті елімізде волонтерлік қозғалыстың дамуын ілгерілету үшін барынша жағдай жасалады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақстанда 2021-2023 жылдарға арналған Волонтерлікті дамыту жол картасы аясында бірқатар жоба табысты іске асырылды. Мемлекет басшысы қоғамда еріктілік пен қайырымдылық дәстүрін нығайту үшін бірнеше кешенді шара қабылдауды ұсынды.

– Осы саладағы стратегиялық бағыттарды нақты көрсететін жаңа Жол картасын әзірлеу керек. Аталған құжат волонтерлік қозғалысқа тың серпін беріп, оның таяу жылдардағы дамуының басты бағыттарын айқындауға тиіс. Екіншіден, еріктілік пен қайырымдылық ісін есепке алатын жүйені кезең-кезеңімен енгізу қажет. Бұл бастама волонтерлік қозғалысты ынталандыру үшін заңнамалық деңгейде тиімді шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, волонтерлік қозғалысты ұзақмерзімді грант беру арқылы ынталандыру керек. Бұл ретте мемлекеттік және жекеменшік грант берушілер арасында тұрақты серіктестік орнатып, отандық және халықаралық донорлардың бір-бірімен нәтижелі ынтымақтастығын қалыптастыру маңызды. Төртіншіден, волонтерлік және қайырымдылық істерді институттық тұрғыда қолдау инфрақұрылымын дәйекті түрде дамытқан жөн. Ол үшін волонтерлердің ұлттық және аймақтық деңгейдегі фронт-офисінің ұйымдастырушылық, техникалық және кадрлық әлеуетін күшейту қажет. Бесіншіден, волонтерлік қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және ілгерілетуге ерекше назар аудару қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сөзінің соңында Президент аталған форум бұл бағыттағы ортақ жұмыс өзекті әрі өте қажет екенін және еліміздегі волонтерлік қозғалысты дамытуға тың серпін беретінін атап өтті.

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің форум қатысушыларына үндеуін ұйымның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори оқып берді. Сондай-ақ жиында БҰҰ Еріктілер бағдарламасының атқарушы үйлестірушісі Тойли Курбанов, БАӘ Толеранттылық және бейбіт қатар өмір сүру министрлігінің бас директоры Афра Мұхаммед Әл Сабри, Түркияның белгілі мәдениет қайраткері Халук Левент және басқа да спикерлер сөз сөйледі.

ЕРІКТІЛЕР – МЕЙІРІМ ЕЛШІЛЕРІ

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында 20-21 маусым аралығында Халықаралық волонтерлар форумы өтті. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев форум барысында волонтерлерді бүгінгі адамзаттың элитасына теңеді. Форумның негізгі мақсаты – волонтерлік қозғалысты дамыту мен оны қолдаудағы отандық тәжірибені халықаралық деңгейде көрсету.

Халықаралық волонтерлер форумына 34 елден 140-тан аса шетелдік қатысушы келді. Спикерлер қатарында БҰҰ Еріктілер бағдарламасының атқарушы үйлестірушісі Тойли Құрбанов, Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Кубанычбек Омуралиев, Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, Түркітілдес елдер парламенттік Ассамблеясының бас хатшысы Мехмет Сурейя Эр, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Атқарушы хатшысының орынбасары Дәурен Абаев, режиссер, Қазақстандағы БҰҰ-ның тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори және т.б. бар. Халықаралық форумға еріктілерден басқа 50-ден астам шетелдік спикерлер келді. Бұл туралы Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадыров айтты.

(Жалғасы 2-бетте)

БАҚЫЛАУ БЕКЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

3 БЕТ

ТАСЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ҚАСІРЕТ

6 БЕТ

ЖАСАНДЫ СЕЗІМ ЖАНДЫ ТОЙДЫРА МА?

Жұртта қалған психиатриялық ауруханаға жолыңыз түссе, не істер едіңіз? Елес кезіп жүретін үйде оянсаңыз, қандай сезімде боласыз? Тас қараңғы бейтаныс бөлмеде жаныңызға жалбыраған шашы бар жалмауыз кемпір келсе, шыңғыруға шамаңыз қала ма? Бүгінде хоррор-квестке барып, өзіңізді қорқынышты фильмнің кейіпкері ретінде сезініп қайтуға мүмкіндік бар. Соңғы кездері сауықтың мұндай түрі біздің елде де танымал бола бастады.

8

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ӘЛЕККЕ САЛДЫ

Әскери бөлімшенің алдында таңнан кезек күткендер көп. Бұл жолғы шақырту оқуын енді аяқтаған бозбалаға емес, «әскери билетім қалтамда» деп арқасын кеңге жайып жүрген кафедра түлектеріне келіпті. Себебі жақында Үкімет қаулысымен запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы 32-бапқа жаңа өзгерістер енгізілген еді.

5

ҮКІМЕТ ПЕН ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТАНЫҢ ЕСЕПТЕРІН БЕКІТТІ

Парламент палаталарының бірлескен отырысында депутаттар 2022 жылғы бюджеттің атқарылуы туралы Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның есептерін бекітіп, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңды қабылдады.

Парламент палаталарының бірлескен отырысының күн тәртібіндегі бірінші мәселе – Конституциялық Соттың «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жолдауы жайлы болды. Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Әзімова Мемлекет басшысының конституциялық реформасының нәтижесінде Конституциялық Сот құрылып, азаматтарға осы органға қорғау үшін жүгіну құқығы берілгенін атап өтті.

– Бес ай ішінде үш мыңнан астам азамат өз құқықтарын конституциялық қорғауға жүгінді. Бұл цифрлар азаматтардың жаңа органға деген жай ғана қызығушылығының дәлелі емес, өтініш берушілердің әркайсысының өз құқықтарын қорғау ниетін растайды. Бұл ретте Қазақстан заңнамасында Конституциялық Сотқа жүгінгенге дейін құқықтық қорғаудың басқа құралдарын қолдану туралы талап жоқ, – деді Э.Әзімова.

Конституциялық Соттың төрағасы азаматтың конституциялық жүгіну институты қоғамның, мемлекеттік аппараттың және азаматтың конституциялық құқықтық сана мен құқықтық мәдениет деңгейін арттыруды талап ететініне мән берді.

Қарау қорытындысы бойынша, Парламент Конституциялық Соттың жолдауын назарға алу туралы шешім қабылдады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе – Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекіту. Бұл жөнінде Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев пен Жоғары аудиторлық палата төрайымы Наталья Годунова баяндама жасады.

Мәжіліс депутаты Ұласбек Сәдібеков республикалық бюджеттің атқарылуының негізгі тұстары мен өзекті проблемаларына тоқталып, Үкімет есепті талқылау кезінде айтылған ескертулер мен ұсыныстарды алдағы уақытта ескеруі қажет екенін айтты.

– Мемлекет басшысы бюджетті жоспарлау және мемлекет қаражатын жұмсау кезінде қабылданатын барлық шешім мейлінше тиімді болуға тиіс екенін бірнеше рет атап өткен болатын. Бюджетті жоспарлау мен атқаруда созылмалы сипатқа ие болып отырған кемшіліктер туралы мәселені депутаттық корпус та үнемі көтеріп отырады, – деді депутат.

Жаршысөз нәтижесінде Мәжіліс пен Сенат депутаттары Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның есептерін бекіту туралы шешім қабылдады.

Сонымен қатар бірлескен отырыста Парламент «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңның жобасын екі оқылымда қарады. Мәжіліс депутаты Абзал Құспан аталған Конституциялық заң жобасын қабылдау уәкілетті органның активтерді қайтару жұмысына септігін тигізетінін айтты.

– Заң жобасы активтерді іздестіру мен қайтару, активтердің шығу тегін анықтау, олардың сақталуын қамтамасыз ету шараларын қолдану, активтерді қайтаруға байланысты халықаралық ынтымақтастық орнату, уәкілетті органдар қызметін үйлестіру және байланыс орнату сынды ережелермен толықтырылды, – деді А.Құспан.

Талқылау қорытындысы бойынша, депутаттар «Прокуратура туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтыруларды қабылдады.

Сонымен қатар бірлескен отырыста Қазақстан Республикасының орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссия құрамы бекітілді. Бірлескен комиссия құрамына Сенаттан – Мәулен Әшімбаев, Ольга Перепечина, Асқар Шәкіров, Сүйіндік Алдашев, Нұртөре Жүсіп, Әли Бектаев, Нұрлан Бекназаров, Сергей Карплюк, Ақмарал Әлназарова, ал Мәжілістен – Альберт Рау, Нұртай Сабильянов, Аян Зейнуллин, Павел Казанцев, Асхат Рақымжанов, Асқар Садықов, Ерлан Стамбеков, Гауһар Танашева, Динара Шүкіжанова енді.

ҚОС АЗАМАТТЫҒЫ БАР 233 АДАМ АНЫҚТАЛДЫ

Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің жыл басынан бергі жұмыс қорытындысын жариялады.

Баспасөз қызметінің хабарлауынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі мемлекетіміздің шекаралық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыруда.

2023 жыл басынан бері шетелдіктер (Индия, Нигерия, Тәжікстан, Өзбекстан және Ресей азаматтары) мен ҚР азаматтарының жасанды және өзге адамның құжаттарын пайдалануының 150 фактісі әшкереленді. Қос азаматтығы бар 233 адам анықталды. Жалпы сомасы 2,5 млрд құрайтын 300-ден астам заңсыз валюта айналымының алды алынды.

Қару-жарақ пен оқ-дәрілерді өткізбек болған 153 әрекеттің жолы кесілді. Бұл қылмыстар бойынша күдіктілер әрі қарай тексеру үшін Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік кірістер департаменті аумақтық бөлімшелеріне тапсырылды. «Одан бөлек, ҚР көші-қон заңнамаларын бұзғаны үшін 8 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды» делінген хабарламада.

ЖЫЛУ ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫНДА КІЛТИПАН КӨП

Мәжілістің кешегі өткен жалпы отырысында ең көп талқыланған мәселе Жоғары аудиторлық палата төрайымының жылумен жабдықтау саласына жасалған мемлекеттік аудит туралы есебі болды. Елімізде шатқаяқтап тұрған бұл сала сын көтермейтіні рас. Ал жалпы Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жиынның палата бюросы ұсынған бес мәселе қаралды.

Олар – процестік заңнаманы жетілдіру, адвокаттық қызмет және заң көмегін көрсету, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі шешу, жайылымдарды пайдалану, Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы және т.б. Ал Наталья Годунованың есебін талқыға салу барысында депутаттар осы тақырып бойынша шақыртылған 19 адамға сын айтып, сұрақтарын қойды. Олардың арасында Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарма төрағасы, Ұлттық экономика, Энергетика, Ішкі істер, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің, «Байтерек» Ұлттық басқарушы холдингінің», «Қазақстан Тұрғын үй компаниясының», Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облысы және Астана қаласы әкімдіктерінің өкілдері бар. Жоғары аудиторлық палата Мемлекет басшысының тапсырмасына орай 47 мемлекеттік мекемеде және 44 табиғи монополия субъектісінде аудит жүргізген екен. 140 млрд теңгеден астам бюджет қаражатының және 480 млрд теңге активтердің пайдаланылу тиімділігін тексерген. Нәтижесінде, 23 млрд теңгеге қаржылық заңбұзушылықтар, 37 млрд теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау, 117 млрд теңгеге экономикалық шығындар және қолдан сусыған пайда анықталған.

«Жалпы, 2020-2022 жылдар аралығында жылумен жабдықтау объектілерін салуға, реконструкциялауға және жөндеуге 250 млрд теңге, соның ішінде республикалық бюджеттен 84 млрд теңге бөлінген. Алайда бүгінде бұл ресурстардың аз болуы жылу-энергетикалық жүйенің қажетті «берік қорын» және апатсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмайтыны бәріне түсінікті. Бұған жылу электр орталықтарының негізгі жабдықтарының орта есеппен еліміз бойынша 66%-ының әбден тозуы және жылу желілерінің орта есеппен 54%-ының тозуы дәлел бола алады. Жылу электр орталықтарының жалпы санының 76%-ы – 50 жылдан астам, 24%-ы – 30 жылдан астам пайдаланылып келеді. Жылу электр орталықтарының орташа қызмет ету мерзімі – 61 жыл. Апатсыз тоқтаулардың саны да жыл сайын артып келеді. Тек 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда олардың саны 22%-ға өскен. Шығарындылар мен жылу ысырабының деңгейі жоғары екені байқалады. Ол жылуды тасымалдау және тарату кезеңінде 18-42%-ды құрайды. Мемлекеттік комиссия тапсырмасы бойынша Энергетика министрлігі барлық объектіге техникалық аудит жүргізді», – дейді Жоғары аудиторлық палата төрайымы Наталья Годунова.

Бас аудитор осы саладағы жүйелі проблемалар туралы тоқталып өтті. Оның бірі – Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың іс-қимыл жоспарларының өзара үйлеспеуі және жылу энергетикасын дамытуда жүйелі тәсілдің болмауы. Саланы мемлекеттік реттеуді бірнеше мемлекеттік органдар – Энергетика, Ұлттық экономика, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктері және әкімдіктер жүзеге асырады. Жылу энергетикасын және жылумен жабдықтау саласындағы қатынастардың барлық жиынтығын реттеу үшін қазірге дейін толыққанды құқықтық негіз жоқ. Осы ретте Жоғары аудиторлық палата енді қабылданатын жаңа заң жобасына үміт артып отыр. Тексерушілер саланың автоматтандырылмағанын және цифрландырылмағанын сынға алып: «ол жылумен жабдықтау жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы толық көрініс анықтауға мүмкіндік берер еді», – дейді. Мұндағы мәселенің шешімі ретінде олар «жылу энергетикасын реттеу саласындағы функцияларды бір мемлекеттік органда орталықтандыру» жолын ұсынып отыр. Сондай-ақ энергетикалық бақылаудың тиісті жүйесінің жоқтығы, тарифтік реттеудің, соның ішінде инвестициялық бағдарламаларды іске асырудың нашарлығы, табиғи монополиялардың жеке субъектілері жүзеге асыратын сатып алулардың ашық болмауы, инвестициялық жобаларды сапасыз жобалау және іске асыру, білікті кадрлардың аралас салаларға күрт ауысып кетуі жайы жан-жақты баяндалды.

Сондай-ақ бұл жолғы жалпы отырыстың да тегеуірінді тұсы – депутаттық сауалдар болды. «AMANAT» фракциясының мүшелері көтерген мәселелердің басым дені әлеуметтік сипатта болды. Мәселен, депутат Ә.Жұбанов Бас Прокурорға жолдаған сауалында ұзындығы 277 шақырым болатын «Атырау –Астрахан» тасжолының құрылысын көтерді. 2019 жылы басталып, жоспар бойынша 2021 жылы бітуі тиіс жолдың құрылысы өте жәй жүруде. Депутат Д.Мұқаев балалар демалыс лагері жайына назар аударды.

«Бүгінде пайда табудың негізге көзіне айналған лагерьлердің ұйымдастырушылары кім, лагерьдің идеясы қандай, қандай бағдарламаны қамтитыны ешкімді қызықтыра бермейді. Себебі қазір лагерь ашу үшін тек Төтенше жағдайлар департаменті мен санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасынана рұқсат алу ғана жеткілікті. Сонымен қатар лагерь жұмысын бірыңғай реттейтін заң нормасы және стандарттар енгізілмеген. Мемлекеттік мекеме тарапынан нақты бақылау болмағандықтан, кей ата-аналар балаларына лагерь іздеп шетел асыру жағдайлары да кездесіп жатыр. Ел болашағын ойлайтын отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу үшін оларға барынша жағдай жасау – біздің басты міндетіміз», – дейді ол.

Одан бөлек, Премьер-Министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсеноваға жолдаған екі депутаттық сауалда аманаттықтар, бірі – Ұлытау облысының медицина саласындағы түйткілге толы проблемаларды, екіншісі – еліміздегі туберкулез ауруына қатысты кейбір жайттарды қозғады. Ал Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов жалпы отырыстағы мәселелерді аралық қорытындылау кезінде ведомстволардың жауапкершілігі мәселесіне назар аударды. Мәселен, мемлекеттік реттеуді бірнеше орган жүзеге асыратындықтан, күрделі жағдай туындағанда нақты жауапты инстанция болмай түрлі қиындықтар тудырады. Палата Спикері осы мәселені күн тәртібіне шығарып, заңнамамен бекіту мәселесін көтеруге шақырды.

Нұрлан ҚОСАЙ

ЕРІКТІЛЕР – МЕЙІРІМ ЕЛШІЛЕРІ

(Басы 1-бетте)

Форум барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев волонтерлерді адамзаттың элитасы деп атады.

– Бұл форум бірлескен әрекеттер маңызды рөл ойнайтынын көрсетеді. Біз әлемде бұрын-соңды болмаған түрлі проблемаларға кездесіп отырмыз. Сондықтан қазір жарқын болашаққа деген үмітті өшіріп алмау үшін ымырашылдық өте қажет. Мен халықаралық волонтерлік бағдарламалар тиімді екеніне және жеке тұлғалар арасындағы дипломатияны ілгерілетуге мүмкіндік беретініне сенімдімін. Өз өмірін өзгелерге арнап жүргендерге, әсіресе мұны халықаралық деңгейде істеп жүргендерге алғыс білдіргім келеді. Өйткені оларды адамзаттың элитасы, бейбітшілік пен мейірімінің нағыз елшілері деп айтуға болады, – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің арнайы құттықтауын БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори форум қатысушыларына жеткізіп берді.

– Мен Халықаралық волонтерлер форумына өз құттықтауларымды жеткізіп, Қазақстанға волонтерлікті дамытуға, озық тәжірибе алмасуға және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға деген адалдығы үшін алғыс айтамын, – дейді құттықтау хатында.

Халықаралық волонтерлер форумында БҰҰ Еріктілер бағдарламасының атқарушы үйлестірушісі Тойли Курбанов халықтың жаһандық қартаюымен бірге зейнеткерлік жастың ұлғайып, біршама мамандықтарға жол ашылатынын айтты.

– Ұлы ақын айтқандай, «махаббатқа барлық жас бағынады». Бүгінде біз еріктілік махаббат сияқты жас шектеуін мойындамайтынын байқаймыз. БҰҰ-да еріктілердің жасы – 18-ден 82-ге дейінгі аралықта, – деді Тойли Курбанов.

Форумда Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадыров волонтерлер саны артқанын, еліміздегі волонтерлік қозғалыстың жаңа белеске көтерілгенін жеткізді.

Сонымен қатар форумда Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Сырым Шәріпханов волонтерлерге Абай облысындағы орман өртін сөндірудегі ерен еңбектері үшін алғыс айтты. Қостанай облысындағы табиғи өртті сөндіру, Екібастұз қаласындағы төтенше жағдайды жою, Түркиядағы жер сілкінісінің салдарын жою кезіндегі волонтерлердің көмегінің қаншалықты маңызды рөлге ие болғанын қоса жеткізді.

Жанел ҚҰТТЫБАЙ

АДАМЗАТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ДӘРІПТЕЛГЕН ҚҰРЫЛТАЙ

Күні кеше Түркістанның төрінде өткен Ұлттық құрылтайдың ұлтымыздың бойындағы асыл қасиеттерді дамытып, рухани кемелденген қоғам құрудағы маңызы зор болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты сөйлеген сөзі көптің көкейіне ерекше ой салды. Қоғамды алға сүйрейтін емес, бойымыздағы кері тартатын көптеген олқы мінез, жаман әдеттер мен ұлттық болмысымызға қарама-қайшы келетін кемшіліктерді тізіп, солардан арылудың амалын ойлауды ұсынды. Осы тұрғыда мен өзіме ой салған 4 мәселеге ерекше тоқталғым келеді.

Біріншіден, «Адал азамат» қағидаты бойынша Президент «Әділетті Қазақстанды» Адал азаматтар құратынын айтты. Адал азаматтың бойында отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, кәсібилік, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер болуы керек екенін жеткізді. Расымен де, қай салада болмасын адалдық бірінші орында тұрса, әділ қоғам орнайтыны даусыз. Сонда ғана жемқорлыққа жол берілмей, ел мүддесіне қайшы шешімдер шығарылмайды. Әсіресе, мемлекеттік аппарат өкілдерінің санасезімін өзгерту керек дегенде де сол адалдықты меңзеді. Халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлердің бойындағы адалдық пен жауапкершілік, әділдік қасиеттері елдің мемлекетке деген сенімін арттыруға септік етеді. Алайда күн сайын өмірімізде біз керісінше жағдайларға тап болып жүрміз. Кішкентай болса да лауазымын малданып, халыққа дұрыс қызмет көрсетуден қашатын қызметкерлердің болуы қоғамдағы енжарлықты үдетеді. Өз ісінің білгірі болып қана қоймай, гуманизм белгілері де бойынан табылған мамандар қашанда елдің көшін алға бастайды. Адалдық пен жемқорлық бір-біріне кереғар ұғым. Демек, азаматтары адал елде қоғам дерті – жемқорлықтың тамырына балта шабылары сөзсіз.

Екіншіден, құрылтайда Президент жас ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін шараларға ерекше назар аудартты. Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу туралы дұрыс мәселе көтерді. Ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуге шақырды. Әрине, бұл бүгінгі интернет дәуірінде оңай шаруа емес. «Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат діни ағымдардың құрығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, ұлкендердің кінәсі. Біз жастарды жаһанданудың қатерлі ықпалынан барынша сақтауға міндеттіміз», – деді Президент. Жастар арасында ұлт саулығына зор қауіп төндіретін кесел нашақорлық туралы да айта келе, есірткі жастардың жанын да, тәнін де улап жатқанына алаңдады. Есірткіні қолданудың, дайындаудың және таратудың жолын кесіп, тамырына балта шабу керегін ескертті. Жастардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіріп отырған химиялық есірткілердің нарықта кең ауқымда сатылуы да алаңдатарлық мәселе.

Криминалдық топтар жастарды осындай заңсыз әрекеттерге тартып жатқанда тәрбие мен тәртіпті күшейту қажет. Мұндай жолға көбіне қадағалауы аз, әке-шешесі дұрыс сөйлеспейтін, сөйтіп нашар ортаға тап болатын, бос уақытын тиімді пайдаланбайтын балалар тез түседі. Сондықтан бала тәрбиесінде алдымен оларды дүниеге әкелген ата-анасының, екінші мектептің жауапкершілігі зор болуы керек. Үйден ата-анасы баласының саналы болып өсуіне мән берсе, мектепте ұстаздар баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіруі керек. Осыған орай Президент балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне қоғам болып мән беруге шақырды.

Мемлекет басшысы тоқталған Адал адам қағидаты отбасын сақтауда да аса қажет. Бүгінгі ең өзекті мәселелерді бірі – отбасылардың ажырасуының белең алуы. Ажырасу жағынан Қазақстан әлемде 9-орында тұр екен. Оған, әрине көптеген жайт, атап айтқанда материалдық жағдай, отбасындағы зорлық-зомбылық, өзара түсінбестік себеп болады. Бұдан бөлек, адалдық қасиеттің жоғы да көп жағдайда отбасын бұзуға әкеліп жатады. Бір-біріне сенім білдіре алмау, бірінің сөзін бірі тыңдамай, жарын өзгелермен салыстыру да – мемлекет ішіндегі шағын мемлекет – отбасының беріктігіне нұқсан келтіреді. Осы орайда Президент айтқан Отанға, отбасына деген адалдық аса қажет. Бұл – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Жарға деген адалдық, отбасына деген мейірім, балаларының алдындағы жауапкершілік – осының бәрі ел ертеңі жастардың да тәрбиесіне тікелей әсер етеді. Адал адам арлы да болып келеді, ал арлы адам отбасында балалары мен жарына зорлық-зомбылық көрсетпесі анық.

Жалпы, биылғы құрылтайдың сипаты мен мазмұны бұрынғыдан өзгеше, ауқымды болды. Еліміздің стратегиялық дамуына қатысты да өзекті мәселелер қозғалды. Ең бастысы, мұның бәрі Әділетті Қазақстан құруға бастайтын қадамдар. Әрбір Қазақстан азаматы отаншылдық және елге жанашырлық қасиеттерін нақты іспен көрсетіп, адал азамат болуға ұмтылса, тәуелсіз Қазақстанның дамыған елдермен барлық жағынан терезесі тең болып, өркендеу жолында кедергісіз дами түсері сөзсіз.

Сақтаған СӘДУАҚАСОВ,
«AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы

ШЫМКЕНТТІК АМАНАТТЫҚТАР «ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ!»

Жуырда «AMANAT» партиясы 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» атты сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі республикалық Жол картасын бекіткен болатын.

Осы орайда «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Бахадыр Нарымбетов бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне партияның 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын орындауға бағытталған қалалық Жол картасын таныстырды. Бахадыр Мәдәліұлы республика деңгейінде дайындалған Жол картасы аясында еліміздегі 17 облыс пен 3 қала бойынша жасақталған өңірлік Жол карталары сайлаушылардың талап-тілектері ескеріле отырып түзілгенін атап өтті.

«Біздің Шымкент қалалық сайлауалды бағдарламамыз тұрғындарды алаңдататын өзекті мәселелерді басшылыққа алып, 10 мыңға жуық өтінішті зерделей келе дайындалды. Сонымен бірге сайлауалды науқан кезеңінде үміткерлеріміз қоғамдық қабылдау мен көшпелі кездесулер өткізіп, нәтижесінде 2 581 ұсыныстілек келіп түсті. Аталған өтінімдер назарға алынып, Жол картасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Алдағы уақытта тұрғындардан тағы да ұсыныстар мен тілектер түсіп жатса, депутаттық сауалдар арқылы жүзеге асыратын боламыз», – деп атап өтті филиал төрағасы.

Халықтың өмір сапасын көтеруге, табысын еселеп, өмір сүру жағдайын жасап, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласының қолжетімділігін арттыру, экологиялық ахуалды жақсартуды көздеген бағдарламаны орындауға жетелейтін Жол картасы 4 басымдық, 100 тармақ, 452 индикаторлық бағыт пен 43 245 нақты іс-шараны қамтиды.

Жол картасы – бұл сайлауалды бағдарламаның әрбір тармағы бойынша көрсеткіштері, мерзімі және орындаушылары көрсетілген нақты іс-қимыл жоспары. Бағдарламада қаланы дамытудағы өзекті мәселелердің шешілу жолдары белгіленіп, осындай бірнеше бағытқа топтастырылған. 5 жылда Жол картасын толық орындау үшін бюджеттен 1,2 триллион теңге қаражат қарастырылған. Нақтылап айтсақ, бағдарламаны орындауға бөлінетін қаражат қаламыздың алдағы 5 жылдық даму жоспарына сәйкес әзірленіпті.

«Шымкент қаласында Жол картасына сәйкес 90 мың жұмыс орны ашылады. Кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар саны 230 мың адамнан асады, жастар жұмыссыздығының деңгейі 3,2%-ға дейін төмендеп, 18 медициналық мекеме, перзентхана және көпбейінді аурухана ашылады, 50 мектеп пен 10 қосымша ғимарат салынады. Үш ауысымды мектептер саны түбегейлі жойылады», – деп атап өтті Бахадыр Мәдәліұлы.

Шымкент қаласы мәслихаты депутаттарының 70 пайызы аманаттықтар. Осы орайда филиал төрағасы сайлау қорытындысы жарияланған сәттен бастап фракция мүшелері партияның халыққа берген уәделерін орындау үшін кірісіп кеткенін жеткізді. Бұған қоса, филиал жанындағы аймақтық кеңестер, бастауыш партия ұйымдары, партия белсенділері де өз үлестерін қосып жатқанын атап өтті. Брифингте Жол картасы бойынша 2023 жылға жоспарланған іс-шаралардың жоспарға сай орындалып жатқанына назар аударылды. Одан соң тоқтаға баспасөз өкілдері қойған сұрақтарға нақты дәлелдермен жауап берді.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

КЕНТАУ ЕНДІ ЖЫЛУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

«AMANAT» партиясы ел аумағындағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымдарын ауқымды түрде жаңғырту жұмыстарына атсалысуда. Атап айтқанда, Кентау қаласындағы №5 жылу электр орталығын қайта жаңартуға партияның қозғау салуымен бюджеттен 13,7 млрд теңге бөлінгелі отыр.

Кентау қаласындағы №5 жылу электр орталығы сонау 1952 жылы бой көтерген. Осы жылдар аралығында желілердің тозығы жетіп, қаусап тұрған жайы бар. ЖЭО-ны қайта құру мәселесі «AMANAT» партиясының Түркістан облысы бойынша сайлауалды бағдарламасына енгізілді.

«Сегіз қазандықты қайта жаңғырту үшін сметалық құжаттама әзірленді. Биыл алғашқы төртеуі жаңартылады. Жобаның жалпы құны – 13,7 млрд теңге. Республикалық бюджеттен 6,7 млрд теңге бөлінеді. Партия бұл жұмысты өз бақылауына алып, сайлауалды уәдемізді толық орындаймыз», – деді «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев.

Кентау қаласының тұрғындары 2012 жылдың қыс мезгілін әлі ұмыта қойған жоқ. Сол жылы ЖЭО-да апат болып, бүкіл қала жылусыз қалған еді. Бұған жабдықтың ескіруі мен көмірдің және мазуттың сапасыздығы себеп болды. Қазір бұл ЖЭО-ның қызметін 14 мың абонент пайдаланады. Бұл дегеніміз – 347 көпқабатты тұрғын үй, жеке сектордағы 2 000-нан астам баспана, 106 бюджеттік мекеме, 441 коммерциялық нысан.

«Жоғарғы қабаттарда қысым жоқ. Соның салдарынан тұрғындар ыстық суға қол жеткізе алмай отыр. Құбыр жарылып, жылу жоғалтып жатамыз. Сондықтан 81 шақырым желіні ауыстыру жөнінде шешім қабылдадық», – деді Кентау қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Ысқақов.

Сондай-ақ биыл 1 қыркүйекке дейін сорғы станцияларын жаңғырту жұмысы жүргізіліп, 6,6 шақырым магистралды құбыр ауыстырылады. Жалпы, ЖЭО басшылары алдағы жылу беру маусымында Кентау қаласының тұрғындары жылу мәселесімен бетпе-бет келмейді деп сендірді.

Еске сала кетейік, биыл ақпандағы сайлау науқаны барысында партияның Республикалық сайлауалды штабының мүшелері ЖЭО ұжымымен кездескен еді. Сол кезде «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов кәсіпорынды жаңғыртуды қамтамасыз етіп, жөндеу жұмысын партиялық бақылауға алуды тапсырды.

Дайындаған Нұрлан ҚОСАЙ

БАҚЫЛАУ БЕКЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Аманаттықтар Жамбыл облысындағы ауыл емханаларының құрылысын бақылауға алды. Осы аптада «AMANAT»-тың Жамбыл облысындағы мүшелері өңірлік сайлауалды бағдарлама аясында салынып жатқан медициналық нысандарды аралады.

Партиялық бақылау бекеттері өз жұмысын қарқынды жалғастыруда. Мәселен, бүгінде Жамбыл облысында барлығы 40 партиялық бақылау бекеті жұмыс істейді. Таяуда партиялықтар Жамбыл ауданына қарасты Шайқорық ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның салыну барысын тексерді. Оның құрылысы биыл 10 сәуірде басталып, бюджеттен 272 млн теңге бөлінген. Мердігер компания өкілдері жұмысты тамыз айында толық аяқтаймыз деп отыр. Сондай-ақ Байзақ ауданының Сарыкемер ауылында орталық аудандық емхана және әрқайсысы 60 пәтерден тұратын төрт тұрғын үй салынуда. Қазір мұнда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тартылып жатыр.

«Осы нысандарда біз партиялық бақылау бекеттерін аштық. Бұл бақылау бекеттері құрылыс сапасын, бөлінген қаражаттың тиімді игерілуін, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын, сондай-ақ жалақының уақытылы берілуін бақылауға алады. Осылайша, жергілікті жерлерде партия сайлауалды бағдарламасының орындалу барысына жүйелі бақылау күшейеді», – дейді «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы партиялық бақылау инспекторы Ерғали Омаров.

Естеріңізге сала кетсек, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Жамбыл облысы ғана емес, жалпы республика аумағында құрылысы жүріп жатқан нысандарда партиялық бақылау бекеттері ашылуда. Әрбір нысанда шағым немесе өтініш жіберуге болатын жауапты тұлғаның байланыс нөмірлері көрсетілген техникалық паспортқа ұқсас тақтайша орнатылады. Жұртшылықты көптеп тарту және партиялық бақылау бекеттері жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында оның құрамына мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдардың және БАҚ өкілдері, блогерлер, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен белсенді мүшелері енгізілген.

Мамыр айында «AMANAT» партиясы Halyk банкінің қолдауымен халықтың қаржылық сауатын арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасын бастаған еді. Бүгінде Қазақстанның 8 өңірінде 16 мыңнан астам тұрғын қаражатын тиімді жоспарлауды, отбасы бюджетін қалыптастыруды, несие алу мен қайтару ережелерін, қаржы пирамидалары мен алаяқтар тұзағына түспеу жолдарын және табысты бизнес құруды үйренді. Осы орайда «AMANAT» партиясының хатшысы, «Қарызсыз қоғам» жобасының жетекшісі Эльдар Жұмағазиевпен жобаның нәтижесі мен келешек жоспары жөнінде сұхбаттасқан едік.

Эльдар ЖҰМАҒАЗИЕВ, *«AMANAT» партиясының хатшысы:*

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»

ЖОБАСЫНА ӘЙЕЛДЕР КӨП ҚАТЫСТЫ

– Эльдар Тынышбайұлы, «Қарызсыз қоғам» жобасының өзектілігі неде? Қаржы бағытындағы жобаны бастауға не түртті болды? Мұны «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасының нақты іске асуы дей аламыз ба?

– Бұл жобаның басталуына Қаңтар оқиғасы әсерін тигізді деп ойлаймын. Шынында да, ол күндер бәрімізге ой салды. Әсіресе, менің есімнен кетпейтіні – Алматының тоналған сауда орындарының біріндегі әбден тозығы жеткен, жыртық аяққиімнің суреті болды. Жағдайы жоқ адамның бұл әрекеті ойландырмай қоймайтыны рас. Әрине, ақтауға болмайтын іс-әрекет, бірақ жетіспей жүрген, тоңып секіргендердің саны елімізде қаншама? Сонымен қатар қаржы пирамидасына шырмалғандар, лудомания (ойын-құмарлық) тұзағына түскендер, несиеге батқандардың көбеюі – қоғамымыздың келеңсіз бүгіні болып отыр. Мұның бәрі психологиялық тұрғыдан адамдардың дайын болмауы, олардың сыни тұрғыдан ойланбауы, қолжетімді ақпараттың аздығынан деп ойлаймын.

Елімізде 6,5 млн адам несиесін бір күн болса да кешіктіріп төлеген, бұл халықтың үштен бір бөлігі. Әрине, бір-екі күн кешіктіріп алу – бәріміздің басымызда болатын жағдай. Ал 1,5 млн адамның несиесін кешіктіруі 90 күннен асып кеткен. Қазақстанның қаржылық технологиялары қарыштап дамып кетті, бұл платформалар өзге елдерге үлгі деп мақтанышпен айтамыз. Ал қоғамымыз сол қарқынға ілесе алмай, қаржылық бұғаудың құрбаны болып қалып отыр деп ойлаймын.

Елімізде тұтыну мәдениеті енді-енді қалыптасып келеді. Тіпті, қоғамда бар қалауын ойланбай ала беретін, несиенің пайызына үңілмей, тегін ақша деп көретін инфантилизм де байқалады. Мысалы, менің ата-анамда ешқандай несие болмаған, өйткені олар еркін тұтыну қоғамында өмір сүрген жоқ. Несие алу менің буынымнан басталды, қазір балаларымыз да осы толқынға ілесті. Осы өскелең ұрпақ тұтынушылықты жақсы меңгеріп, әр қарызды аларда эмоция жетегінде кетпей, байсалды шешім қабылдайды деп сенемін. Сайып келгенде бар мәселе қаржылық сауатқа, білімге келіп тіреледі.

«Қарызсыз қоғам» жобасы осы ойлардан туған еді. Партияның сайлауалды бағдарламасында да халықтың табысын көтеруге байланысты көптеген тармақ бар. Аталған мәселенің бәрін сараптай келе, жоба серіктесі Halyk банкімен жобаны талқылап, тәуекелге бел будық. Біз болмасақ кім жасайды? Біз Парламент сайлауында басым дауыс жинаған партиямыз, елдің әл-ауқаты бойынша біз де жауапкершілікті сезінеміз.

– Бұл жобаға тек қарызға батқандар емес, кәсіп бастағысы келетіндер, қаржылық сауатты болуды үйренетіндер де қатыса ала ма?

– Біз ешкімге ешқандай шектеу қоймадық, қатысуға ниет білдірген барлық адамды қабылдадық. Себебі «Қарызсыз қоғам» – елімізде бұрын-соңды болмаған жоба. Бір қызығы, жоба қатысушылары арасында әйелдердің үлесі көп. Тәуелсіздік алған жылдары қайта құру заманында, экономикалық байланыстардың бәрі үзілген шақта бас көтеріп, жаңа заманға бейімделіп, елге тірек болған да әйелдер еді. Олардың ерік-жігеріне бас иеміз және жобамызға көптеп қатысқанына қуанамыз. Неге десеңіз, көп жағдайда отбасының берекесі, бюджетін ұстаушы – әйел. Сондықтан әйелдер жаңа білім алайын, жаңа дағдыларды үйренейін, табыс арттырайын деген ниетпен келсе, біздің жобамыз өміршең әрі нәтижелі болмақ.

«Қарызсыз қоғам» курстары биыл 2 мамырда бастау алды және 20 маусымға дейінгі аралықта республиканың 8 өңірінде 16 мың тұрғын қаржылық сауат бойынша жаңа білім алды. Олардың білім деңгейін қарағанда, басым бөлігі, яки 43,6%-ы колледж-техникум сияқты орта мамандандырылған білімі барлар болып шықты. Қатысушылардың тағы 38,4%-ы – жоғары білімді болса, 18%-ы – мектептен кейін оқымаған.

Әлеуметтік статустары бойынша, біздің қатысушылардың 17,6%-ы – бюджеттік сала мамандары, 14%-ы – жұмыссыз, 10,5%-ы – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және 8,4%-ға жуығы – кәсіпкерлер. Олар қаржылық курсқа қатысып, кәсіптерін әрі қарай дөңгелетіп әкеткісі келеді.

Тағы бір қызықты дерек – «Қарызсыз қоғам» қатысушыларының 65 пайызы – көпбалалы отбасы өкілдері, 34% қатысушының үйінде бес және одан көп адам бар.

Сонымен бірге республика бойынша білім алушылардың 75,5%-ында несиесі бар, 24% қатысушы екі немесе одан да көп несие алған. Үсті-үстіне несие ала берген кейстер де бар.

– Курстың қазақ тілінде офлайн оқытылуы, шалғайдағы ауыл-аймақтарға айрықша мән беру де маңызды ғой? Өңірлерді таңдау қалай жүргізілді?

– Қаржылық сауат жөнінде қазақ тіліндегі контент аз. Бір жағынан әлеуметтік желіде өзін маманмын деп таныстырып, курс өткізетіндер көп екен. Бірақ тыңдап қарасаңыз, халықты оқытып отырғандардың өздерінің білім деңгейін тексеру керек сияқты. Соған байланысты сапалы білім беру үшін өзіміз қазақша контент жасауды ұйғардық. Сосын қаржылық менторларды арнайы дайындап, ауыл-ауылда офлайн оқытуды бастадық. Себебі онлайн сабақта көп жағдайда кері байланыс болмайды, ал қаржы тақырыбында тұрғындар қоятын сұрақ көп.

Екіншіден, білікті сарапшылар қалаларда тұрады, ауылға ешкімнің барғысы жоқ. Қала тұрғындары кез келген тақырыпта курс іздеп таба алады. Сондықтан біз қаладан гөрі ауылдарға басымдық бердік. Банктердің, қаржылық институттардың айтуынша, осындай қаржылық білімге мұқтаж аудандар оңтүстік пен батыс аймақтарда жиі байқалған. Сондықтан 8 өңірдің төртеуі батыс, үшеуі оңтүстік облыстар және Солтүстік Қазақстан облысын қостық.

Қазір 20 өңірдің 8-ін қамтысақ, қалған 12 өңірді жаңа жылдан кейін қолға аламыз. Себебі біздің оқуымызда, сарапшылар арасында да белгілі бір кемшіліктер болуы мүмкін. Сондықтан жаңа жылға дейін курстың кем-кетігін түзеп, толықтырамыз. Тұтас елге білім беру үшін қосымша 120 ментор керек болады, оларды дайындаймыз. Келесі жылдан бастап барлық облыс пен үш мегаполисте курстар өткіземіз. Өйткені ауылда табыс таппаған тұрғындар үлкен қалаларды паналап жүр. Олар қалай күн көріп жатыр, қалай табыс табады деген сұрақтар бізді де алаңдатады. Сол себепті жоба серіктестеріне, үлкен мегаполис айналасындағы аудандарда қаржылық сауат курсын өткізуді ұсындық.

> *«Қарызсыз қоғам» жобасынан кейінгі нәтиже қандай болуы керек деп өзіме сұрақ қоямын. Қазіргі жас ұрпақ өскенде несиені егжей-тегжейлі зерттеп, табыс мөлшерін өлшеп барып алатын деңгейге жетер деп үміттенемін. Сол үшін де оқыту курстарын өткізіп жатырмыз. Несиені алған соң міндетті түрде төлеу керек. Бәріне банкті кінәлай беруге болмайды. Жасы 18-ден асқан, төлқұжаты бар адам шешімді өзі қабылдайды. Бірақ осындай қате шешімдер бара-бара азаятынына сенімдімін. Мақсатымыз – сол.*

– Бұл жобаның жалғасы қандай форматта өрбуі мүмкін?

–Формат айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Себебі қазір мәселенің салдарымен күресіп жатырмыз. Енді біз қаржылық сауат сабақтарын мектепте 9-11-сынып оқушыларына, сосын колледж бен жоғары оқу орындарында өткізгіміз келеді. Өйткені олар – болашақта несие алуға мүмкіндігі бар адамдар. Қажет болса, қосымша пән ретінде оқытуға оқулықты да өзіміз әзірлейміз. Ондай тәжірибе бізде бар. Жұмыс тобындағы сарапшы мамандарымыз бұрын мектептерге «Кәсіпкерлік негізі» оқулығын жазған. Әсіресе, студенттер арасында қаржылық сауатқа қызығушылық өте жоғары. Статистика бойынша түрлі қаржы пирамидасына алданған студент көп. Кей адамдар студент баласының стипендиясына сеніп, несие алғызады екен. Ондай да мәселе бар.

Біздің негізгі жұмысымыз – халықтың қазіргі шешім қабылдау жүйесін өзгерту, жаңа үнемдеу әдетін қалыптастыру. Мысалы, көптеген адам той жасағысы келсе, қымбат дүние алғысы келсе, бірден банкке жүгініп, несие рәсімдейді. Ал біз ең алдымен қаражат жинауды, несиеге ұрынбай, жинаған ақшаны ғана жұмсауды ұсынамыз. Сондай-ақ біздің курсқа қатысушылар мамандардан табысты арттыру жолдарын сұрапты.

Қазір халыққа ұнап жатқаны – депозит ашу. Оқу барысында кіріс-шығысты есептегенде, көптеген отбасының кешкі астан кейін, дүкеннен шемішке, газдалған сусын, чипсы әкеліп жейтіні айтылды. Бұл – қосымша шығын. Демек, оған жұмсалатын ақшаны депозитке салуға болады. Осындай жинау дағдысын көбірек насихаттаймыз. Қазір халық «Қарызсыз қоғам» атты депозит ашыңдар деп ұсыныс айтты. Өйткені олардың салатын қаражаты көп емес, бірақ бастапқыда жоғары пайыздық мөлшерлеме едәуір ынталандырар еді.

Тағы бір қатысушымыз өмірінде санаторийге барып ем алмаған екен. Зейнетке шығуына екі жыл қалғанда біздің курсқа қатысып, депозит ашып, мақсатты қаражат жинай бастады. Қаржылық ұйымдармен кездескенде той жасауға, демалуға, көлік алуға жеке депозиттер ашуды ұсындық. Мысалы, Сарыағаштағы санаторий 150 мың теңге, негізгі үлесін өзі жинаса, депозиттің пайыздық сыйақымен керекті мөлшердегі қаражат жиналуы мүмкін. Сондай серіктес жоба керек. Себебі адамдарға нақтылық қажет, демалысқа ақша жинайын деген ой болуы мүмкін, бірақ нақты қайда баратынын білсе, мақсатына қол жеткізеді. Ұсынымыз қабылданса, қаржылық ұйымдарда осындай санаттағы адамдарға басқа депозит түрлері пайда болады. Бұл өз кезегінде ақша жинау мәдениетін қалыптастыруы тиіс.

Оқу процесінде ауыл тұрғындары шығындарын жабу үшін табысын арттыру керегін түсінді. Қатысушылардың көбі кәсіпкерліктің негізін оқытындар деп сұрап жатыр. Партияның ұйытқы болуымен «Ауыл аманаты» жобасы басталған болатын. «Қарызсыз қоғам» қатысушыларын «Ауыл аманаты» жобасымен ұштастыру қажет деген ой келді. «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде 2,5 пайызбен несие беру, кооперация құру мүмкіндіктері бар. Табыс табатын дағдыларды, мысалы мал бордақылауды технологияға сай оқыту курстарын ұйымдастырып жатырмыз. Мал бағуды бәріміз білеміз, бала күніміздің көріп өстік. Бірақ әрі қарай үңіліп қарасаңыз, мал асырап отырғандардың көбі жемшөп берудің технологиялық циклдерін сақтамайды. Мысалы, малды бордақылау циклі дұрыс болса, ірі қара күн сайын 0,8 -1,5 келі салмақ қосуы керек.

Демек, «AMANAT» партиясы бір жағынан халыққа ақша үнемдеуді үйретсе, екінші жобасында – табыс арттыруға себепкер болып отыр. Осылайша, партияның бір жобасы екінші жобасымен ұштасып, қоғамға жақсы әсерін тигізеді деп үміттенемін.

– Халықтың бұл жобаға ой-пікірі қалай? Есіңізде қалған нақты оқиғалар мен кейстер бар ма?

– Халықтың реакциясы жақсы. Менің ең үлкен қорқынышым: адамдар 5 күн бойы сабаққа келе ме деген ой болды. Алғашқы күні бәрі келер, ал екінші-үшінші күндері оларды қызықтыру үшін не айтуымыз керек деп көп ойландық. Мұнда оқытушылардың тәжірибесі, қарым-қатынас құра алуы жақсы көмектесті.

Оқу процесі өте тиянақты өтіп жатыр, фотоларды көрсеңіз, адамдар дәптер әкеліп, кіріс-шығыстарын санайды. Сонда эмоционалды тұрғыда өз-өздеріне реніш пайда болады. Мәселен, «Алға қойған өмірлік мақсатыңыз қандай?» деген сұрақ қойылады. Әдетте көпшілігі «Балаларымды аяққа тұрғызу» деп жауап береді. Бірақ шығындарын қарасақ, балаларына бір тиын да жұмсамауы мүмкін, балаға не кітап алынбаған, не үйірмелерге жібермеген. Сонда «өмірлік мақсатыңызды қалай орындап жатырсыз?» деген сұрақ туындайды.

Тағы бір есте қалған оқиға – Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы курсқа көршілес ауыл-аймақтан тұрғындар келіп оқыды. Сонда бір қария қатысушымыз бар, өзі бұрын мұғалім болған. Ақсақал күнде сабаққа келеді, ал ауыл адамдары оны жиналып күтіп отыратын көрінеді. Осылайша, зейнеттегі ұстаз күн сайын не үйренгенін барша ауылға түсіндіреді екен. Біздің жобамыздың құндылығы осы, бұл оқуға халық шөлдеп отыр. Бұған дейін ауылдарда қаржылық сауат жөнінде ешкім жұмыс жүргізбеген. Бұл қоғамның дерті болса, біз оны жеңуіміз керек.

«Қарызсыз қоғам» жобасынан кейінгі нәтиже қандай болуы керек деп өзіме сұрақ қоямын. Қазіргі жас ұрпақ өскенде несиені егжей-тегжейлі зерттеп, табыс мөлшерін өлшеп барып алатын деңгейге жетер деп үміттенемін. Сол үшін де оқыту курстарын өткізіп жатырмыз. Несиені алған соң міндетті түрде төлеу керек. Бәріне банкті кінәлай беруге болмайды. Жасы 18-ден асқан, төлқұжаты бар адам шешімді өзі қабылдайды. Бірақ осындай қате шешімдер бара-бара азаятынына сенімдімін. Мақсатымыз – сол.

– Телефонмен хабарласатын алаяқтар, қаржылық пирамидалар мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Бұл ретте халықтың жеке деректері тиісті дәрежеде қорғалып жатыр ма деген сұрақ туындайды. Партия деңгейінде бұл проблемалармен күрес жүргізесіздер ме?

– Әрине, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, көптеген мәселені талқылап жатырмыз. Жуырда банктердің өкілдерімен кездескенде де осы мәселелерді айттым, партия қазір ақпарат жинап жатыр. Біз Мәжілісте басым дауыс жинаған партиямыз, сондықтан көптеген мәселеге халық ренішін туғызып жатса, оларға қатысты өз ұстанымымызды айтамыз. Керек болса, заңға да өзгеріс енгіземіз деп қаржы ұйымдарына айттық.

Несиенің пайызына шек қою мәселесін де көтергіміз келеді. Адамдар банк талаптарына үңіліп қарамайды. Банк келісімшартындағы ұсақ шрифттерді оқитындар аз. Еш кепілсіз несие халыққа оп-оңай беріліп жатыр. Тарихи тұрғыда Қазақстан қоғамы осындай кезеңнен өтуі де керек шығар. Қаржылық технологиялардың өте қатты қарқынмен дамуы, сонымен қатар қоғамымызда етек алған жаппай қаржылық сауатсыздық – үлкен әлеуметтік мәселелерге әкеліп соқтырды. Біз осыдан сабақ алуымыз керек, біздің келесі ұрпақ бұл қателіктерді қайталамауы тиіс.

– Қандай тығырық болса да шығуға болады ғой? «Өзін-өзі банкроттық деп жариялау туралы» заң халыққа қалай көмектеседі?

– Шын тығырыққа тірелгендер де банкроттық талабына сәйкес келмей жатыр. Себебі банк есепшотына соңғы 12 айда бір теңге де табыс түспеуі керек.

Екіншіден, банкрот болған адамдарға 5 жылға дейін несие берілмейді. Менің ойымша, бұл да қиын шешім. Олар несие ала алмаса, табыс таба алмаса тағы бір әлеуметтік шиеленіс туындауы мүмкін. Қаржы нарығы агенттігімен сөйлескенде банкрот болған адамдарды оқыту арқылы тәжірибесін көтеріп, несие алуға мүмкіндік беруді ұсындық.

– Мазмұнды, пайдалы сұхбатыңыз үшін алғыс білдіреміз!

Сұхбаттасқан
Нұрлан СӘРСЕНҒАЛИҰЛЫ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫ БІРІКТІРГЕН ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Биыл еліміз Орталық Азия елдері әйелдерінің диалогіне төрағалық етуде. Осыған байланысты БҰҰ-ның қолдауымен елорда төрінде «Инновациялар мен технологияларды дамытудағы әйелдердің рөлі» тақырыбына арналған Орталық Азия елдері диалогінің отырысы өтіп, Қазақстанның төрағалығы ресми түрде ашылды.

Жадыра МҮСІЛІМ

Шараға еліміздің Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері, Түрікменстан, Өзбекстан парламенттері палаталарының спикерлері, Қырғыз Республикасы мен Тәжікстанның Парламент өкілдері, мемлекеттік орган басшылары, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың, дипломатиялық корпус өкілдері қатысты. Басқосуда қонақтар биылғы жылға арналған мақсат-міндеттерді айқындап, алдағы жұмыс жоспарын бекітті.

Қазақстан тарапы төрағалық ететін жылдарда әйелдердің жаңа технологиялар мен инновацияларды дамытудағы рөліне баса назар аударуды мақсат етіп отыр. Сол себептен де отырыстың күн тәртібін әйелдердің қоғамның кез келген саласына белсене атсалысуы мен олардың ұсынған бизнес жобаларын қолдаудағы тәжірибелерін талқылауға арнады.

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың айтуынша, Орталық Азия елдерінде цифрлық гендерлік алшақтықты жою басым бағыт болуы керек. Сондай-ақ ол диалог алаңы аймақтағы жалпы интеграциялық процестің бір бөлігі болып отырғанын жеткізді. Орталық Азия елдері әйелдерінің диалогі екі жарым жыл бұрын құрылғанын атап өткен ол Орталық Азия елдерінің әйелдері диалогіне қатысуға Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Түрікменстаннан арнайы келген әріптестерге ризашылығын білдірді. «Бұл алаң әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту мәселесінде тәжірибе алмасу және өзара әрекеттесудің тиімді алаңына айналып үлгерді. Бүгінгі отырысымызда Қазақстанның төрағалығы ресми түрде басталады. Осы сәтті пайдалана отырып, біздің алдымызда диалогке төрағалық етіп, белсенді жұмыс атқарғаны үшін Өзбекстан мен Түрікменстан тарапына алғыс айтқым келеді. Қажырлы да нәтижелі еңбектеріңіз өңірдегі әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін жан-жақты кеңейтуге берік негіз болды деп сенемін. Орталық Азия елдері үшін превентивтік дипломатия жөніндегі өңірлік орталығы БҰҰ-ның даму бағдарламасы мен «БҰҰ-Әйелдер» халықаралық құрылымдары да осы істі алға жылжытуға жүйелі түрде қолдау көрсеткендері үшін алғыс білдіреміз», – деді Мәжіліс Спикері.

Диалог алаңы тәжірибе алмасу және өзара әрекеттесудің тиімді алаңына айналып үлгергенін айта келіп: «Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев гендерлік теңдік пен әйелдер құқығын қорғауға ерекше көңіл бөледі. Бұл орайда Мемлекет басшысы елдің даму деңгейі қоғамдағы әйелдің мәртебесімен өлшенетінін үнемі айтып жүр. Бұл кездесу әйелдердің осы өңірдегі елдердің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне қатысуын жан-жақты кеңейтуге ықпал етеді деп санаймыз. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар гендерлік теңдік үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үлкен үлес қосып келеді. Қазақстан әйелдер құқығын қорғау, гендерлік теңдікке қатысты барлық негізгі халықаралық актілерді ратификациялады», – деп атап өтті.

Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева Орталық Азия елдері әйелдерінің диалогі гендерлік теңдікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Оның сөзінше, ортақ іске жұмылған қатысушылардың белсенділігі әйелдер мен отбасылардың, әсіресе жаһандық және өңірлік сын-қатерлер жағдайындағы өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ортақ проблемаларды бірлесіп шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия 6 негізгі бағыт бойынша жұмыс жүргізетінін жеткізді. «Әлеуметтік-демографиялық даму, зорлық-зомбылыққа қарсы тұру, экономикалық мүмкіндіктерді кеңейту, отбасылық құндылықтарды және мәдени ізгілікті ұстанымдарды дамыту, халықаралық ынтымақтастыққа негізделеді. Қазір осы бағыттар бойынша нақты жұмыс жүргізілуде», – дейді комиссия төрағасы. Бұдан бөлек, ұлттық комиссия мүшелері маңызды бастамаларды іске асырып жатқанын да тілге тиек етті. Мәселен, «Томирис» жобасы өңірлік белсенді әйелдердің пулын қалыптастыру және саяси қатысу мәселелерін дамыту бойынша іс-шараларды жалғастырып келеді. Осылай деген Аида Балаева: «Гендерлік паритет болған жерде дұрыс саяси шешімдер қабылданады. Сондықтан гендерлік теңдік және басқа да мәселелер бойынша елдеріміздің ғылыми сарапшылар ынтымақтастығын дамыту маңызды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, қыздардың ерте жүктілігі, оларды күштеп отбасын құруға итермелеу секілді әлеуметтік қиындықтармен бірлесе күресуге шақырамын. Одан басқа, туризм, мәдени салаларды да бірлесе дамытуымыз қажет. Қарап отырсаңыздар, қазір бұл салаларда көбіне әйелдер жұмыс істейді. Қоршаған ортаны қорғау саласында да ынтымақтастыққа қол жеткізу керек. Себебі көптеген мәселе бойынша серіктестер бірлесе отырып шешім қабылдау өзекті. Бұл орайда ауыл шаруашылығы және тоқыма өндірісін дамыту бойынша бірлескен форумдарды жасай аламыз. Осы бағыттар бойынша Қазақстанның табысты тәжірибесі бар», – деді.

Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары Дания Еспаева сессия жұмысына жетекшілік етті. Өз кезегінде сөз алған ол Орталық Азиядағы әйелдер диалогіндегі Қазақстан төрағалығының басымдықтарын атап өтті. Оның айтуынша, еліміз әйелдерді әлеуметтік-экономикалық қатынастарға кеңінен тартудың жаңа тиімді құралы ретінде цифрландыруға маңыз беріп отыр. Өйткені бұл салада Қазақстанның үлкен жетістіктері бар және оларды бөлісуге дайын. Ал оның әріптесі, Парламент Мәжілісі Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Айгүл Құспан да еліміздің алға қойған мақсаты айқын әрі бұл БҰҰ-ның мақсат-міндетімен сәйкес келетініне тоқталды. «Біріншіден, бұл әйелдердің бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтудағы рөлі, екіншісі – өңірлік ынтымақтастық. Үшіншісі – әйелдерге қарсы гендерлік зорлық-зомбылықпен күрес. Төртіншісі – әйелдерді климаттың өзгеруімен байланысты проблемалардан қорғау секілді мәселе. Оған қоса, біз әйелдердің инновация мен технологиядағы рөлін де қостық. Өйткені ақпараттық технологияларды дамытудан әйелдер ұтылмайды, тек ұтады деп санаймыз», – деді ол. Сондай-ақ депутат Орталық Азия елдерінің әйелдері диалог алаңында ортақ тіл табысып, жобаларды бірігіп жүзеге асыра алса, өңірдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікке үлес қоса алатынын айтады. Осы арқылы талқыланған өзекті тақырыптарды болашақта елдегі заңнамаға енгізу мәселесіне ерекше ден қойылып отыр. Мәселен, пандемия кезінде әйелдер зорлық-зомбылыққа көп ұшырағанын жеткізіп: «Содан бері жағдай күрделенбесе, азайған жоқ. Орталық Азия елдерінің әйелдері бұл тақырыпты қозғауға құлықсыз. Алайда қоғамдағы осы күрделі мәселені жылы жауып қоюға болмайды. Бұл жерде адам өмірі тұр», – деді Айгүл Құспан.

Қырғыз Республикасы Жогорку Кенеш төрағасының орынбасары Джамиля Исаева әйелдердің инновациялар мен технологияларды дамытудағы рөліне тоқталды. Өз елінде әйелдердің қатысуымен көптеген цифрлық жоба қолға алынғанын айтқан ол: «Әйелдердің инновациялар мен технологияларды дамытудағы рөлі өте жоғары болғанымен, ғылыми-техникалық және инженерлік салада жұмыс істеуі өзектілігін жойған жоқ. Кез келген салада әйелдердің үлесі болашақ үшін өте маңызды», – деді. Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының мүшесі Гульнар Марупова өз еліндегі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты арнайы заңға өзгерістер мен түзетулер енгізіліп жатқанын жеткізді. Бұл елдегі заң шығарушы орган қазір он заң мен бес кодекске түзетулер енгізіп, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заңды криминализациялауға жұмыс істеп жатыр. Ендігі жерде заңға тиісті түзету енгізілсе, тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстық іс негізінде қаралады. Ең маңыздысы сол, отбасында зорлық-зомбылық көрсеткен адамға рақымшылық жасалмайды, берілген жаза мерзімін толық өтеуге тиіс болады. Айтуынша, қазір тұрмыстағы тирандардың тепкісіне қалған жәбірленушілердің құқығын қорғау үшін қауіпсіздік ордері беріледі екен. Былтырдың өзінде әйелдерді қорғауға 30 мыңға жуық ордер беріліпті.

Диалог алаңына жиналған сарапшылар мен спикерлер БҰҰ Бас хатшысының саяси мәселелер жөніндегі көмекшісі, БҰҰ-ның Орталық Азия үшін превентивтік дипломатия бойынша өңірлік орталығы басшысының міндетін уақытша атқарушы Мирослав Енчаның бейнеүндеуін тыңдады. БҰҰ-ның аймақтағы бастамаларына белсене қатысқаны үшін Қазақстанға алғыс айтқан ол әйелдер мен жастарды қолдау аясындағы өзара іс-қимыл елдегі барлық мекеме мен ұйымдарды қамтитынына сенім білдірді. Айтуынша, әйелдердің цифрлық саладағы мүмкіндіктерін жүзеге асырудың жолдары ұсынылғанымен, Еуропа мен Орталық Азия аумағында әлі күнге дейін 60 миллионнан астам әйел мобильді интернетке қол жеткізе алмай отыр. Сол себепті ерлерге қарағанда әйелдер оқу мен экономикалық даму мүмкіндіктерін жиі пайдалана алмайды. Шындығы сол, нақты және жаратылыстану ғылымдарындағы гендерлік теңсіздік орта мектепте басталып, жоғары сыныпта жалғасын тауып, жоғары оқу орнында қарқын алып, еңбек нарығына дейін жетеді. Салдарынан әйелдер техникалық және технологиялық инновацияларды жасауға жауапты салаларда ерлермен бірдей еңбек ете алмайды екен.

Геосаяси тұрақсыздықтың салдарынан туындаған түйткілдердің түйінін тарқатуда әйелдердің рөлі айтарлықтай рөл атқарады. Сол үшін әлем әйелдеріне ортақ мәселелерді жан-жақты саралап, ұсыныс-пікірді ортаға салатын диалог алаңының отырысын ұйымдастыру көрегенділікпен тең. Сондықтан Мирослав Енча диалог алаңындағы жауапкершілікті сезініп, Қазақстанның төрағалығын абыроймен атқаратынана зор үміт артып отыр.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ӘЛЕККЕ САЛДЫ

Әскери бөлімшенің алдында таңнан кезек күткендер көп. Бұл жолғы шақырту оқуын енді аяқтаған бозбалаға емес, «әскери билетім қалтамда» деп арқасын кеңге жайып жүрген кафедра түлектеріне келіпті. Себебі жақында Үкімет қаулысымен запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы 32-бапқа жаңа өзгерістер енгізілген еді. Алайда өз мамандығы бойынша жұмыс істеп жүрген жастар екі жыл әскери қызмет атқаруға ынталы емес. Неге? Заңдағы жаңа өзгерістердің олқы тұсы бар ма?

Көктем ҚАРҚЫН

Қуаныш САПАРБАЕВ *(коллаж)*

Қорғаныс министрлігінің дерегіне сүйенсек, елімізде жыл сайын 7 мыңнан аса адам әскери кафедраларды тәмамдап, офицерлік шен алып шығады екен. Республика бойынша соңғы 6 жылда 11 жоғары оқу орнында әскери кафедра ашылған. Қазір олардың жалпы саны 36-ға жетіп отыр. Ал биылдан бастап әскери кафедраны аяқтағандар екі жылға әскери қызметке шақырылады. Бұл туралы Қарулы Күштердің Бас штабы Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің бастығы, полковник Бауыржан Артықов айтты.

– Биыл жоғары оқу орындарында «лейтенант» атағын алатын студенттер де бұдан хабардар. Өйткені біз жоғары оқу орындарымен тығыз байланыстамыз. Олар Отан алдындағы борышын 2 жыл өтейді. Білім ордасында әскери кафедраны аяқтаған соң студент нақты мамандық алып шығады, сол арқылы біз күштік құрылымдарды толықтырамыз, – деді полковник.

Әскери кафедраны биыл аяқтағандар ғана емес, осыдан он шақты жыл бұрын аяқтап, жасы 29-ға толмағандар да әскери қызметке жаппай шақырылып жатыр. Заңдағы бұл өзгеріске Қорғаныс министрлігінің 2023 жылы Қарулы Күштер қатарына шақырылатын запастағы офицерлер санын 260-тан 550-ге дейін арттыруы себеп болып отыр. Ал запастағы офицерлер әскери қызметке барғанда өз мамандығы бойынша емес, кафедрада оқыған бағыты бойынша жұмыс істейді. Қатардағы офицердің орташа жалақысы – 200-250 мың теңге. Сонымен қатар отбасы мүшелерінің санына қарай өтемақы да төленеді. Дегенмен еліміздегі орташа жалақы 340 мың теңгені құраса, офицердің бұл табысы айтарлықтай көп емес.

ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОР ЕСКЕРІЛМЕГЕН

– Маған да әскери қызметке шақыру келді. Әскери кафедрада білім алған кезде бізге мұндай заң жайлы айтпаған. Сол үшін де біз алаңсыз жүрген едік. Қазір шетелдік IT компанияда жұмыс істеймін. Заңда офицердің қазіргі жұмыс орны сақталады деп көрсетілген. Алайда бұл ереже шетелдік компанияларға жүрмейді. IT саласы күн сайын дамиды. Егер мен 2 жыл әскери қызмет атқарып келсем, қазіргі жұмысымдағы карьерам да бұрынғыдай болмайтыны анық, – дейді запастағы офицер Нұрбек Садық.

Әскери қызметке барғысы келмейтіндердің айтатын уәжі бір. Біреуінің басында несиесі болса, енді бірінің әйелі мен балалары бар. Ал заңда тек офицердің денсаулық жағдайы жарамаса, білім алып жүрсе, мемлекеттік мекемеде педагог немесе дәрігер болып жұмыс істесе ғана әскери қызметтен бас тарта алатыны көрсетілген.

– Бұл заңды депутаттар қабылдап, сарапшылар, Қорғаныс министрлігі әзірлеген кезде жан-жақты саралануы керек еді. Қоғамда түрлі әлеуметтік топ бар. Әрқайсысының жағдайы әртүрлі. Бірінің басында 300-400 мың теңге несиесі мен ипотекасы болуы мүмкін. Әскерге шақырады екен деп азаматтың құқығын таптауға болмайды. Кез келген азаматтың өмірін жақсарту үшін несие алуға құқығы бар. Осындай ситуация заңда қарастырылуы керек еді, – дейді заңгер Әлімжан Жұбатқанов.

Қазір тек армияға бір жылға шақырылатын азаматтардың несиелері кейінге шегеріледі. Ал запастағы офицерлерді қызметке шақырғанда мұндай жағдайлар ескерілмеген.

– Керісінше, әскери қызметке азаматтарды шақыру үшін үй беретін арнайы бағдарламалар қабылдап, қызықтыру керек. Запастағы офицердің әйелі жақсы қызметте болуы мүмкін. Ол барлығын тастап, күйеуінің қасында жүре ала ма? Ендеше заңда екінші тараптың келісімі де ескерілуі керек. Сосын әскери кафедра толыққанды лейтенант дайындап шықпайды. Өзіміз де кезінде оқығанбыз. Әскери кафедралар жалпылама теориялық тұрғыда оқытады. Қазір әскери офицерлер жетіспей жатқандықтан да кафедра бітіргендерді жаппай шақырып жатыр. Бұрын әскери қызметке ерікті түрде барғысы келетіндер көп еді. Қазір әскердің беделі түсіп кетті. Қорғаныс министрлігі армиядағы келеңсіз жағдайларға қатысты нақты пікір білдірмей отыр. Материалдық жағынан жағдай жасап, баспанамен қамтамасыз ететін болса, кез келген жас әскери қызметке қызығар еді. Запастағы офицер деген аты ғана. Олар ертең әскери қызметке барғанда Отан қорғаушылармен бірдей болады. Таңертеңнен кешке дейін әскери қызмет атқару оңай жұмыс емес, – дейді заңгер.

Оның пікірінше, кабинетте жұмыс істеп үйреніп қалған адам үшін әскери заставада 2 жыл жұмыс істеу психологиялық соққы болуы да мүмкін. Артында шаш етектен проблемасы бола тұра, әскери қызмет атқару офицерге оңай емес. Себебі жаны тынышталмаса, істеген жұмысынан да мән кетеді. Сондықтан запастағы офицерді әскери қызметке шақырғанда ең бірінші қазіргі жұмыс орны сақталуы керек. Екінші, басындағы несиелері мен ипотекасы 2 жылға шегерілуі керек. Сонда офицерлер алаңдамай сапалы қызмет етеді. Ал бұл өзгерістер енбесе, банк тарапынан офицердің мүлкі тәркіленіп, ісі сотқа дейін жетуі мүмкін. Ал уайым-қайғыда жүрген адам қалай Отан қорғайды? Әскери қызметке бармаса, тағы офицердің үстінен қылмыстық іс қозғалады.

ӘСКЕРИ КАФЕДРАЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ КЕРЕК

Запастағы офицерлер кафедрада алған білімдерін бірнеше жылдан кейін ұмытып қалғанын да алға тартып отыр. Себебі әскери кафедралар теориялық тұрғыда ғана білім береді. Жастық шағын казармада өткізген, әскери өмірдің ыстық-суығын сезінген кадрлық офицерлердің әскери кафедра бітіріп келгендерді «пиджак» дейтіні сонау Кеңес кезінен қалған. Расында, университетте оқып, студенттік шақтың қызығына кенелген, ойын-сауықтың ортасында жүріп-ақ офицерлік шен алған жандардың білім-білігін, тәжірибесін көргені көп лейтенантпен салыстыруға келмейтіні түсінікті. Осы тұста, онсыз да күнде келеңсіздікке тап болатын әскерде тағы да жіктік алауыздықтың туындамасына кім кепіл? Былтыр экс сенатор Мұрат Бақтияұлы азаматтық жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралардың құрамы мен құрылымын оңтайландыру туралы мәселе қозғады. Бұл әскери кафедралардың тереңірек білім беруіне және кәсіби тұрғыда сапалы офицерлердің қалыптасуына өз септігін тигізер еді. Оның айтуынша, қазір еліміздің ЖОО-да тегін және ақылы негізде жүргізілетін 36 әскери кафедра жұмыс істейді.

– Жүргізілген талдау әскери кафедралар бойынша мамандар даярлаудың бірқатар мәселесі бар екенін көрсетіп берді. Жасыратыны жоқ, әскери кафедрасы бар университеттер талапкерлер арасында үлкен сұранысқа ие, өйткені олар армияда қызмет етуден босатылуға заңды негіз береді. Мұны жоғары оқу орындарының басшылары жақсы біледі және қосымша пайда табу үшін әскери кафедра ашуға тырысады, – деді Мұрат Бақтияұлы.

Осы орайда ол кейінгі 6 жылда 11 оқу орнында әскери кафедра ашылғанын айтты. Осыған байланысты еліміздің Қорғаныс министрінен азаматтық жоғары оқу орындарындағы әскери кафедралардың құрамы мен құрылымын оңтайландыруда әскери доктринаны іске асыру туралы хабардар етуді, сондай-ақ халықаралық тәжірибені зерделей отырып, жоғары оқу орындарында әскери даярлық жүйесін жетілдіру мүмкіндігіне талдау жасауды сұрады. Бірақ әскери кафедрадағы оқу процесіне өзгеріс енбесе де, кафедра бітірген түлектерді жаппай қызметке шақыру бірінші болып жүзеге асып жатыр. Дегенмен бізге саны көп әскер емес, сапалы әскер керек екенін ескеріп отырған ешкім жоқ.

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ ҚАНДАЙ?

Көптеген дамыған елдің жоғары оқу орындарының базасында әскери кафедралар жоқ. Айталық, Ресей Федерациясында 2019 жылдан бастап университеттердің әскери кафедралары таратылып, олардың базасында Қорғаныс министрлігінің басшылығымен 33 әскери оқу орталығы құрылған. Қазір олардың жалпы саны 93-ке жеткен. Оларда жылына 10 500 кадрлық офицер, 34 200 запастағы офицер, 16 500 запастағы сержант пен сарбаз даярланады екен. Әскери оқу орталығының ерекшелігі – оларды бітірген түлектерге келесі үш жыл ішінде келісімшарт бойынша әскери қызмет атқару міндеті жүктеледі. Оған келіспеген жағдайда түлектің әскери оқу орталығында оқуына жұмсалған қаражатты өтеуіне тура келеді. Себебі әскери оқу орталығында оқу Ресейдің мемлекеттік бюджетінің есебінен тегін жүргізіледі.

Ал АҚШ-тың азаматтық білім беру ұйымдарындағы офицерлер даярлау жүйесі бойынша колледждерде – екі жылдық, ал университеттерде төрт жылдық оқу мерзімі қарастырылған. Екі жылдық оқыту бойынша резерв офицерлерін даярлағанда мемлекет оларға ақы төлемейді. Төрт жылдық бағдарлама бойынша білім алушылар стипендиямен, кітаптар мен оқу құралдарын сатып алуға, көлік шығынын жабуға арналған төлемдермен, тамақпен қамтамасыз етіледі. Бұған айтарлықтай қаржы бөлінеді. Алайда курсант келісімшарт талаптарын орындамаған жағдайда оған офицерлерді даярлау жүйесі бойынша жұмсалған барлық қаржы сомасы мемлекетке қайтарып алынады. Осыған ұқсас төлемдер мен келісімшарт бойынша әскери қызмет атқарудың міндеттілігі Ұлыбритания мен Францияда да енгізілген.

Мемлекетіміздің ең басты капиталы – адам. Ендеше демократиялық әрбір елде адамның таңдауы мен құқықтары сақталуы керек. Запастағы офицерлердің санын арттырамыз деп қоғамға қажет мамандардың болашағына балта шабуымыз мүмкін. Сондықтан дамыған елдердің тәжірибесіне сай ерікті түрде әскери қызметке бармаған жастар мемлекет бюджетіне оқу шығындарын қайтарып бергені абзал.

Мәжіліс депутаты Абзал Құспанның «Алаш заңгерлері» атты жинағы жарық көрді. Жинақта XX ғасыр басындағы қазақ заңгерлері жайында мағлұматтар берілген. XX ғасыр басында заң саласына кімдер үлес қосты? Бұл жинаққа енген тарихи есімдердің қатарында аты-жөнін естімеген тұлғалар бар ма? Біз бұл сауалды авторға қойған едік.

Абзал ҚҰСПАН,
Мәжіліс депутаты:

«АЛАШ ЗАҢГЕРЛЕРІНЕ» ТҮРЛІ ТАҒДЫР ИЕЛЕРІ ТОПТАСҚАН

– Абзал мырза, «Отбасы хрестоматиясы» жобасымен «Алаш заңгерлері» жарық көрген екен. Бұл жинақты жазуға не түрткі болды?

– Мына сауалыңызға «Алаш заңгерлері» кітабының кіріспе бөлімінде жауап берген едім. Содан мысал келтіруге болады.

Қаңтар оқиғасынан соң елде түсініксіз жағдайлар болып жатты. Көптеген жазықсыз адамның құқы тапталып, оларға заңгерлік көмек қажет болды. Елде түрлі арандатушы көбейіп кетіп, соның кесірінен халық пен биліктің арасы алшақтап кетті. Осының бәрін реттеу үшін қоғамдық комиссиялар құрылуы қажет еді. Мен де өз тарапымнан осы жұмыстармен айналысатын «Аманат» комиссиясын құрып, еліміздің біраз аймағын аралаумен болдым.

Екі ай бойы ұйқы көрмей, күндіз-түні сапарда жүрдік. Уақытымыздың көбі құқық қорғау органдарының кеңселерінде өтті. Заңгер болған соң бұған дейін де талай күштік құрылымның мекемесін көріп жүрмін. Сол кездегі бір көрініс үнемі көзіме оғаш көрінетін. Бұл – Дзержинскийдің суреті.

Көптеген құқық қорғау органы басшыларының кабинеттерінде әлі күнге дейін Феликс Дзержинскийдің портреті ілініп тұр. Солардың біріндегі лауазымды қызметтегі бір кісімен сөзге де келіп қалдым. Оған:

– Әу, ағасы, тәуелсіздік алғанымызға қанша жыл болды? Мына портреттен басқа сурет таппадыңыз ба? – дедім.

– Айналайын, мұның деңгейіндегі заңгер әлі шыққан жоқ, – деді ол. Бұл жауапты естігенде шалқамнан түстім. Таңғалдым әрі намысыма тиді. Екеуміз сөз таластырып біраз жерге бардық. Әлгі кісі қазақы дүниеге онша жақын емес-ті. Қолымды бір сілтедім де, кабинетінен шығып кеттім. Жол бойы өзіммен-өзім сөйлесіп келе жатырмын: «Қалайша қазақтан заңгер шықпаған дейді? Өзім Орал жақтың тумасы болғасын кішкентай кезімізден Жаһанша Досмұхамедовтің атын естіп өстік. Ол кісінің керемет заңгер екенін, қазақтан шыққан тұңғыш юстиция генералы екенін жақсы білеміз. Жаһанша жалғыз болса жарайды, сол замандағы қазақ арыстарының дені заңгерлер болды емес пе?!

Бұл ақпараттан біздегі құқық қорғау органдары қызметкерінің бәрі мақұрым ғой. Олар Алаштан шыққан заңгерлерді танымай қайтіп патриот болады?!», – деп ойладым.

Ойлана келіп: «Бәріне кінәлі – өзім. Солардың дұрыс насихатталмауына менің де кінәм бар. Қайткенде де сол олқылықтың орнын толтыруым керек» деген ойға бекідім. Осылайша, осы кітапты құрастыруды қолға алдым.

– Алаш зиялыларының арасында заңгер көп болғанын білеміз. «Алаш заңгерлеріне» енген есімдердің арасында есімі елеусіздеу болып келген, бұрын-соңды айтыла қоймаған тың есімдер бар ма?

– Өте қызықты кейіпкер – Жұмабай Қартқожақов. Ол кісінің есімімен кітапты аяқтадық. «Алаш заңгерлері» дегенде бір нәрсені түсінуіміз керек. Бұл Алашордаға, Алаш арыстарына ғана қатысты дүние емес. Алаш – қазақтың ұраны. Алаш десек – қазақ, қазақ десек – Алаш деп түсінуіміз керек. Екеуі бір ұғым. Бұл – бір. Бізде қалыптасып қалған бір дүние бар: «КСРО-ға қызмет еткен коммунистердің бәрі оңбаған, алашордалықтар мықты», – дейді. Коммунистік идеяға сеніп, сол идеологияға қызмет еткендер де сталиндік репрессия құрбаны болған жоқ па? Олардың ішінде де қазаққа жаны ашыған, Алаш идеясына адалдық танытқан тұлғалар аз болмаған. Сондықтан тек алашордалықтар ғана атылған жоқ, қыпқызыл коммунистер де атылып кетті. Олардың арасында құғын көріп, сотталып келгендері де бар. Бұл кітапқа коммунистер де, ешқандай партияға қызмет етпеген тұлғалар да енген. Сондай тұлғаның бірі – Қартқожақов. Ол – НКВД қызметкері болған адам. Батыста, Атырау өңірінде қызмет еткен. НКВД-ны біз жақсы көрмейтініміз белгілі. Бұл кісіге қатысты мынадай қызықты оқиға болған: 1980 жылдары «Жұлдыз» журналына «Құмдағы із» деген повесть шығады. Оқиға біздің батыс өңіріне белгілі банда Аманғали мен Құныскерей туралы. Сол повестке Қартқожақов дегеннің аты-жөні толық енген. Айғай-шу болады. Ол кезде Қартқожақовтың көзі тірі. Ақырында ол кісі Мәскеудегі «Правда» газеті арқылы терістеу бергізеді.

> *Негізі, чекист Жұмабай Қартқожақовтың есімі ел аузында әйгілі «банды Аманғали» мен Құныскерей Қожахметовке сан мәрте астыртын көмектескен, қызылдардың қуғынынан құтылуына себеп болған жан ретінде жиі айтылады.*

Негізі, чекист Жұмабай Қартқожақовтың есімі ел аузында әйгілі «банды Аманғали» мен Құныскерей Қожахметовке сан мәрте астыртын көмектескен, қызылдардың қуғынынан құтылуына себеп болған жан ретінде жиі айтылады. Өлкетанушы Өтепберген Әлімгереев, жазушы Ерболат Баят еңбектерінде бұл туралы кеңінен жазылған.

Бұдан бөлек, «үштіктің» шешімімен жазықсыз айыпталып, ату жазасына кесілген Әбдірахман деген азаматты атпай, құтқарып жіберуі (бұл істе Ж.Қартқожақов үкімді орындаушы болған), Тайпақ ауданында негізсіз сотталып, атылып кете жаздаған бір топ азаматтың ісін Мәскеуде, Кеңес Одағының бас прокуроры А.Вышинскийдің қабылдауына кіріп дәлелдеп, қорғап қалуы да Жұмабай Қартқожақовтың азаматтық болмысын дәлелдей түседі. Бұл кісі өмірінің соңғы жылдарын адвокаттық қызметке арнаған. Жергілікті жерде өте танымал кісі. Міне, осындай түрлі тағдыр иелерін тоғыстырып отырмыз. Бұларды біріктіретін дүние – Алаш идеясына адалдық.

– Қазақ елінің Конституциясын жазған тұңғыш ғалым – Барлыбек Сырттанов. Сол Конституциямен толық таныса алдыңыз ба?

– Иә, Барлыбек Сырттанов – қазақтың тұңғыш Конституциясын жазған адам. Ол Конституциямен толық танысып шықтым. Студент жылдардың өзінде-ақ қызығушылығымды оятқан құнды дүниелердің бірі. Ең басты ерекшелігі – Барлыбек Сырттанов «Жер жекеменшікке берілмеуі керек. Тіпті, қазаққа да» деген сөзді айтқан адам. Бұл Барлыбек Сырттановтың конституциясында анық жазылған. 2021 жылы «жер сатылмайды» деген норманы Жер кодексіне енгізсек, былтыр 2022 жылы референдумнан кейін Конституцияда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің жекеменшікке берілмейтіні, сатылмайтыны туралы норма көрініс тапты. Ал осыны бір ғасыр бұрын Барлыбек Сырттанов жазып тастаған. Ол кісі жазған конституцияның маңызы қандай екенін осыдан-ақ аңғара беруге болады.

– Алашшылардың қатарында заңгерлер неге көп болды? Елімізде оған дейін билер институты қалыптасқан жоқ па? Ол институттың орнын заңгерлер алмастыра алды ма?

– Алашшылардың қатарында заңгерлердің көп болғаны рас. Алашорда партиясын алып қарайық. «Халық кеңесі» деген құрылды. Сол кеңестің құрамында он бес адам болса, соның он бірі – заңгер. Мәселен, Әлихан Бөкейхановты орман шаруашылығы маманы, яғни орманшы деп танимыз. Әлихан Бөкейханов университеттен екі диплом алып шыққан адам. Бірі орман шаруашылығына қатысты болса, екіншісі – заңгерлік. Қазақстан территориясында жайқалып өсіп тұрған орман аз. Әрі бұл шаруашылықта көп қызмет ете қойған жоқ. Сондықтан оның заңгерлік қызметі осы партия қызметінде көрініс тапты деп есептеймін. Ең көп мамандық иелері заңгерлер мен дәрігерлер болған. Ақындық-жазушылық қырын көп айтамыз да, олардың нағыз мамандық иелері екенін ескере бермейміз. Заңгерлерсіз ешқандай мемлекет құрылмайтынын жақсы білген. Бізде кезінде, яғни билер институты кезінде көп жазба заңдар болған жоқ. Бұл қай кезде өзгерді? Абайдың заманында өзгеріске түсе бастады. Абай өзі кезінде болыс болып қызмет атқарған адам. Көп дау-шарға араласқан. Қазақтың ескі әдет-ғұрыптарына негізделген заңдық жүйені пайдаланды. Біз «Алаш заңгерлері» жинағына Абай Құнанбайұлының да есімін қостық. Біз Абайды тек ақын ретінде білеміз. Ол өмір бойы киіз үйде жатып, өлең жазумен айналысқан жоқ. Ең бастысы, Қарамолла сьезінде 174 өзгеріс енгізген адам. Оның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топ, ұйымдастырушы, орындаушы, кейбір қылмыстық істер бойынша ұғымдарды Абай атамыз енгізген. Болыс шешім шығарады, алқалық топ шешім шығарады. Сол шешім қай кезде жүзеге асуы керек? Осының бәрін тәптіштеп тұрып Абай атамыз жазып кеткен. Ол кісінің заңгерлік қырын ешкім зерттеген емес. Бұған дейін академик Салық Зиманов та ол кісінің заңгерлігіне көңіл аударған екен. Билер институты туралы ауқымды сұхбат беруге болады. Мұны қысқаша сөзбен жеткізе алмайсың.

– Қазақта қалыптасқан дала заңы болды. Алаш заңгерлері бұл заңдылықты сақтап, жаңашылдыққа бет бұрды деп айта аласыз ба?

– Жаһанша Досмұхамедов – қазақтан шыққан алғашқы юстиция генералы. Сол кісі кезінде бір мақаласында ежелгі әдет құқығының артықшылықтары туралы жазады. Сол үшін қуғынға да түседі. Сөйтсек, ол кісі Мәскеуде императорлық университетте оқыған адам ғой. Соны үздік бітірген. Мәскеу архивтерінің бірінен алашордашы Жаһанша Досмұхамедұлының 1910 жылы жазылған дипломдық жұмысы табылды. Аталған еңбек «Қазақтың әдет заңының негізгі ұйғарымдары және оларды жүзеге асырушы орган ретіндегі халық соты» деп аталады. Құнды қазынаны шаң басқан архивтен аршып алып, қазағымен қауыштырған – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғалымы, PhD докторы Мұхтар Исаев.

Жаһанша атамыз әдет құқығының артықшылығын жазғаны үшін дау-дамай болады. Ол кісінің пікірін кейін академик Салық Зиманов жалғастырады. Біз мұны студент кезімізде оқи бастадық. Шын мәнінде, бұл дала демократиясының көрінісін көрсеткен заң болды. Сондықтан түгелдей болмаса, кейбір нормаларын қайта алуға болады.

Сөз соңында айтарым, тарихқа біржақты түрде баға беруге болмайды, әр кезең, әр заманның өз сұрқылтайы болғанын ескере отырып, сол заман тұрғысынан қарап үйренуіміз керек.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС

ТАСЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ҚАСІРЕТ

Атырауда жол апаты өршіп тұр. Өткен аптада Атырауда 10 адам жол апаты салдарынан көз жұмды. Марқұм болғандардың ішінде бір отбасы бар. Көпбалалы әке мен ана жол жүріп бара жатып опат болды.

18 маусым күні республикалық маңызы бар «Ақтөбе – Атырау – Астрахан» тасжолында болған жол апаты әлі күнге дейін қоғамда талқыланып жатыр. Қазіргі уақытта күрделі жөндеу жүріп жатқан тасжол бойында Lada Priora мен Yutong автобусы соқтығысып, жеңіл көліктегілер оқиға орнында жан тапсырған. Кейін Атырау облысының полиция департаменті көлікте бір отбасының қаза болғанын хабарлады. Көз жұмғандардың төртеуі – кәмелет жасына толмаған балалар.

Осындай қайғылы жағдай 17 маусым күні де тіркелді. «Доссор – Құлсары – Бейнеу» тасжолында Lada Priora мен Toyota Camry көліктері бетпе-бет соқтығысты. Оқыс оқиға салдарынан Lada

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТ *(коллаж)*

көлігі өртеніп, 31 жастағы көлік жүргізушісі мен 22 жастағы жолаушы машина ішінде тірідей жанып кетті. Toyota Camry көлігіндегі жолаушы оқиға орнында көз жұмды. Аталған көліктің жүргізушісі ауруханада қайтыс болды. Ауыр жараланған тағы екі жолаушы емханада жатыр.

Осылайша, өткен аптаның екі күні қас-қағым сәтте он адамның өмірін қиып кетті.

Атырау облысы Полиция департаментінің хабарлауынша, жыл басынан бері аймақта 130-дан астам жол апаты болған. Бұл – алты ай ішіндегі ғана оқиғалар. Қайғылы оқиғалар салдарынан 38 адам қаза болған. 170-тен аса адам түрлі дене жарақатын алған. Бір қарағанда, қарапайым цифр болып көрінгенімен, әр санның артында адам өмірі жатыр.

Атырау облысының Полиция департаментінің бастығы Нұрхат Оразбаевтың айтуынша, аймақта әбден жиілеп кеткен жол-көлік оқиғасының барлығы да көлік жүргізушілерінің жолаушылардың өміріне салғырт қарауынан туындап отыр.

«Тасжолдардағы жол апаттарының барлығы адами фактордан болатыны анық. Оқиғаларды зерделей келе анықталып жатқан себептер де бір-біріне өте ұқсас. Жылдамдықты шамадан тыс асыру, рөлде отырып, ұялы телефон қолдану, маневр талаптарын бұзу, балаларды арнайы құрылғысыз тасымалдау сияқты факторлар жол апаттарының жиі болуына себеп болып отыр», – дейді Атырау облысының бас полицейі Нұрхат Оразбаев.

Спикер Нұрхат Оразбаевтың айтуынша, заңсыз такси тасымалының көбеюі де жол апаттарының жиілеуіне себеп болып отыр. «Бүгінде қала мен аудан орталығына жолаушылар тасымалымен айналысатын заңсыз таксилер көбейді. Жол бойында жарысу, жылдамдық асыру сияқты фактілер көбіне таксилерге байланысты анықталуда», – дейді Нұрхат Оразбаев.

Мамандар заңсыз такси қызметінің алдын алу үшін қала мен аудандар аралығына автобус тасымалы қызметін көбейтуді ұсынуда. Қазір облыстың көптеген аудан орталығынан автобустар белгіленген уақытпен қатынап та жатыр. Тіпті, шалғайдағы Құрманғазы ауданы үшін Атырау қаласымен араға жүрдек пойыз да шығарылды. Бағасы да қолжетімді. Бірақ асыққанда күткісі келмей, такси қызметіне жүгінушілер қарасы азаяр емес.

Атырау облысының бас полицейі Нұрхат Оразбаев жолаушыларды таксиге отырарда оның заңды тасымалдаушы екеніне көз жеткізуге кеңес беріп отыр.

«Көлік жүргізушісінде жолаушыларды сақтандыру шарты, техникалық байқаудан өткенін растайтын құжат, сапар алдындағы медициналық және техникалық тексерулер болуы қажет. Қазір заңсыз такси жүргізушілері көбейіп кетті. Жолда тексеру кезінде мұндай жүргізушілер жолаушыларды «туыстарым» деп құтыла салады. Арзан жол жүру ақысына қызығуды емес, өмір мен денсаулық қауіпсіздігін ойлағанымыз абзал», – дейді Нұрхат Оразбаев.

Жол-көлік оқиғасының тағы бір себебі, үнемі жолаушы тасымалымен айналысатын жүргізушілердің рөлде ұйықтап кетуі. Осындай апат жақында Атырау облысының Құлсары қаласынан 10 шақырым жерде болған. «Бейнеу – Атырау» бағытында жолға шыққан такси жүргізушісі рөлде қалғып кетіп, апат салдарынан төрт адам қаза тапты. Екі адам түрлі жарақатпен ауруханаға жеткізілді.

Жүргізуші жауапкершілігі дегеннен шығады, жақында Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов жол апатының

> *Жол-көлік оқиғасының тағы бір себебі, үнемі жолаушы тасымалымен айналысатын жүргізушілердің рөлде ұйықтап кетуі. Осындай апат жақында Атырау облысының Құлсары қаласынан 10 шақырым жерде болған. «Бейнеу – Атырау» бағытында жолға шыққан такси жүргізушісі рөлде қалғып кетіп, апат салдарынан төрт адам қаза тапты. Екі адам түрлі жарақатпен ауруханаға жеткізілді.*

көбеюінің бір себебін атады. Министр автомектепке бармай, өздігінен көлік жүргізіп үйренушілер қатарының көбейгеніне алаңдаулы. Күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғанындай, өздігінен көлік жүргізіп үйренгендердің тең жартысы жол бойындағы қанды қырғынға себепкер болып жатады екен.

«Бірқатар өңірде жол қоршаулары мен жарық орнату, жерасты және жерүсті жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстары баяу жүріп жатыр. Жол ережесін бұзуды автоматты түрде тіркейтін камералар жеткіліксіз. Жол-көлік оқиғаларының тағы бір себебі, 2019 жылдан бері автокөлік саны 3,9 млн-нан 5 млн-ға дейін өсті. Оның ішінде шетелдік тіркеудегі көліктер де бар. Еліміздегі көліктердің жартысынан астамының пайдалану мерзімі 20 жылдан асып кеткен» деген еді министр.

Жол апаты кезінде адамдарды жедел құтқару, өмірін сақтап қалу бәрінен маңызды. Дәрігерлердің пікірінше, ауыр жарақат алған адамға дәрігерлік көмек шұғыл арада көрсетілуі тиіс. Сонда ғана оның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік туады. Мұндай күрделі сәтті медицина мамандары «алтын сағат» деп те атайды. «Жол апаты болған кезде жақын маңнан жедел жәрдем көлігі жіберіледі. Дәрігерлер мұндай шұғыл жағдайларға дайын жүреді. Дегенмен аса ауыр дәрежелі жарақат алдында дәрігерлер де қауқарсыз», – дейді Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз-хатшысы Айша Кенжемұратова.

Апат айтып келмейді. Ешбір адам жолға «апатқа ұшыраймын» деп шықпайды. Дегенмен халқымызда «Сақтансаң – сақтармын» деген сөз бар. Бейбіт күні алақандай Атырауда 38 адамды жоғалту – бұл қасірет. Демек, жол бойындағы қауіпсіздікке тәртіп сақшыларының тасжолдардағы қырағылықты күшейтуі, камералар орнатуы жеткілікті емес. Жүргізуші де, жолаушы да қауіпсіздікке жауапты екенін сезінген кезде ғана апаттың алдын алуға мүмкіндік туады...

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Қазақ бала тәрбиесіне аса мән берген. Тәлім-тәрбиенің тал бесіктен басталатынын білген ата-бабамыз әлдиімен бесігін түзеген, бесіктен кейін тәй-тәй басып, үлкен өмірге қадам басарда «үй болады» деп есігін түзеген. Бүлдіршіннің тілі былдырлап шығып, сөзді мағынасымен бірге қабылдауды үйреніп, әлемді тани бастағанда ақ пен қараның аражігін ажыратуға тәрбиелейтін бірден-бір құрал – ол ертегі.

ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ – ЕРТЕГІҢДІ ТҮЗЕ

Қазақ әдебиеті ертегі мен жыр, дастан, қисса, аңызға бай. Көзімізді ашқалы тыңдап, оқып келе жатқан ертегілердің ұрпақ тәрбиесіне сіңірген үлесі өлшеусіз. Өйткені өсіп келе жатқан өскін ертегі арқылы өз тарихымен, тілімен танысып, тынысы ашылады. Жаһандық жайлаған заманда еш өзгеріссіз қалған дүние кемде-кем. Салт-дәстүрдің жалпылай алғанда көнекөз дүниенің барлығының дерлік тоз-тозы шыққан. Асыл жауһарлардың жай-күйі үнемі қолданылмаған соң тот басып қалған темірдей. Ертегі сол жауһардың бірі де бірегейі. Алайда қазақ ертегілерінің қазіргі жағдайы қалай екен? Бала тәрбиелеп отырған отбасыларда қазақ ертегілері оқыла ма?

Ертегінің басты мақсаты – жақсылыққа баулу. Сондықтан ертегідегі кейіпкерлер мен құрал-саймандары өзгеріске ұшырағанымен, мәні мен мағынасы жойылған жоқ. Тек кітаптағы салт-дәстүр, салт пен сана, дүние-мүлік өзгерді. Мысалы, бүгінгінің ертегісінде киіз үйдің орнын ғимарат, ал қазан-ошақтың орнын газ бен плита басқан. Бүгінгі балалар әдебиетінің мазмұны сол қалпы. Қысқасы, жеткізу жолы ғана өзгеше. Ұлттық ғылыми кітапхананың балалар әдебиеті бөлімінің жетекшісі Клара Көпжасарқызының айтуынша, балаларға арналған қысқа ертегі, әңгімелерді жазып жүрген Серікбол Хасан мен Жандос Әуелбекұлын ерекше айтуға болады. Олардың тұрақты оқырмандары кітапхананың балалар бөліміне де жиі бас сұғады екен.

«Мұнда мектеп оқушылары үнемі келіп тұрады. Балалар тек кітап оқып қана қоймай, бөлім меңгерушісі мен мектеп мұғалімдерімен біріге отырып авторлармен кездесулер өткізіп, ойындар жүргізеді. Мектеп жасына дейінгі балалар да ата-анасымен бірге келіп осында уақыт өткізеді», – дейді бөлім меңгерушісі. Кітапхана қызметкері әр келген баланың қызығушылығы мен деңгейіне байланысты кітаптар ұсынады екен. Смартфонға қызығушылық артқан заманда кітапханаға келіп, ертегі оқитын бүлдіршіндердің бар екендігі қуантады. Тек қазіргі балалардың талғамы тарихы мен салт-дәстүрді санасына тоқытудың құралына айналған бұрынғы ертегілерді, кейіпкері өзгергенімен тектілікке тәрбиелейтін қазақ тіліндегі әңгімелерге келгенде әуестігі төмен. Кітапхананың кішкентай оқырмандарының көбісі шетел балалар әдебиеті мен орыс, ағылшын тіліндегі кітаптарға қызығады. Клара Көпжасарқызы заманның талабына сай көп тілді білуде шетел әдебиетіне қызығу да дұрыс шығар дегенді айтады. Алайда шетел әдебиетінің өн бойында өз ұлтының әдеті мен ғұрпы, салты мен дәстүрі көрініс табатынын білеміз. Өкінішке қарай, өзге елдің әдебиетіне үйірлік өз тарихынан жеруге, өзінің тілі мен ділінен, дінінен адасуға алып келмес пе екен. Себебі басқа тілде кітап оқитын балалар ертегіні тәрбиенің құралы емес, тек әдебиет ретінде ғана қарайды. Ал қазақ ертегісінің бойында ақ пен қараның айырмасы ғана емес, елге, жерге, отанға деген сүйіспеншілікке баулу жатыр. Шындығы сол, бүгінің үлкендері балаларына «Алиса ғажайыптар елінде», «Гарри Поттерді» емес, қазақтың «Ер Тарғыны» мен «Ер төстігін», «Қобыланды» мен «Махамбетін» оқытып, құлағына сіңіре берсе, әр баланың бойында Отанына деген сүйіспеншілік оянары анық.

Күлзира АХИРАТ,
ЕҰУ студенті

Объявление о результатах открытого тендера по закупке «Услуги по комплексному обследованию и оценке коррозийного состояния объектов МГ «Казахстан-Китай»»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает открытый тендер по закупке «Услуги по комплексному обследованию и оценке коррозийного состояния объектов МГ «Казахстан-Китай»» - несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

«Қазақстан-Қытай» МГ объектілерінің коррозиялық жай-күйін кешенді тексеру және бағалау жөніндегі қызметтер» сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Қазақстан-Қытай» МГ объектілерінің коррозиялық жай-күйін кешенді тексеру және бағалау жөніндегі қызметтер» сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-01-50 телефоны арқылы алуға болады.

«№153 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін 01.07.2023 ж. бастап қайта құру жолымен қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды.

Алматы қаласы Білім басқармасы «А.Розыбақиев атындағы №153 мектеп- гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесін алдағы уақытта Алматы қаласы білім басқармасының «А.Розыбақиев атындағы №153 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылуы туралы хабарлайды.

Осыған байланысты барлық шағымдар 01.09.2023 жылға дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: БСН 961140001062 Алматы қ., Достық шағынауданы, Сәдуақасова к-сі 27. Электрондық адрес school153@inbox.ru

Объявление об итогах открытого тендера по закупке товаров «Приобретение контейнеров»

Признать победителем по закупке товаров «Приобретение контейнеров» ТОО «Алтын Бүркіт» Республика Казахстан, город Алматы, Ауэзовский район, проспект Райымбека, дом 348, офис 408, БИН 060940000022.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-79

«Контейнерлер сатып алу» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру.

«Контейнерлер сатып алу» тауарларын сатып алудың, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы 348 үй, 408-кеңсе, БСН 060940000022, «Алтын Бүркіт» ЖШС жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы +7 (727) 393-02-79 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Горюче-смазочные материалы»

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет повторный открытый тендер по закупке товаров «Горюче-смазочные материалы». (Количество лотов – 2, на общую сумму 161 912 620,02 тенге без учета НДС).

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 10:00 часов «29» июня 2023 года.

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:00 часов «29» июня 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

«Жанар-жағармай материалдары» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Жанар-жағармай материалдары» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендердің қайтадан өткізілетіндігі туралы жарияланады. (Лот саны – 2, жалпы сомасы 161 912 620,02 теңге, ҚҚС-сыз)

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 29 маусым, сағ. 10:00-ге дейін.

Сатып алынатын тауарлары мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 29 маусым, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке «Услуги по сервисному обслуживанию и ремонту систем кондиционирования»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает открытый тендер по закупке «Услуги по сервисному обслуживанию и ремонту систем кондиционирования» - несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-79.

«Ауаны баптау жүйелеріне сервистік қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер» сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Ауаны баптау жүйелеріне сервистік қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер» сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-02-79 телефоны арқылы алуға болады.

Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12-ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, төмендегі ақпаратқа сәйкес газ тарату жүйелері бойынша тауарлық газды тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну бойынша бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және 2023 жылдың жартыжылдығындағы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы жыл сайынғы есепті тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды:

• Алматы өндірістік филиалы – 24.07.2023 ж, жергілікті уақыт бойынша сағат 10:00-де, мына мекенжай бойынша: Алматы қ., Байзақов көшесі 280, Almaty Towers БО, 18-қабат, конференц-зал;

• Ақтөбе өндірістік филиалы – 28.07.2023 ж., жергілікті уақыт бойынша сағат 10:00-де, мына мекенжай бойынша: Ақтөбе қ., 312 Атқыштар дивизиясы даңғылы 22-үй, акт залы;

• Астана өндірістік филиалы – 27.07.2023 ж., жергілікті уақыт бойынша сағат 15:00-де, мына мекенжай бойынша: Астана қ., Республика даңғылы 24, «Парасат» БО, 1-қабат, конференц-зал;

• Атырау өндірістік филиалы – 28.07.2023 ж., жергілікті уақыт бойынша сағат 11:00-де, мына мекенжай бойынша: Атырау қ., Гумаров көшесі 94, 2-қабат, акт залы;

• Шығыс Қазақстан өндірістік филиалы – 26.07.2023 ж., жергілікті уақыт бойынша сағат 11:00-де, мына мекенжай бойынша: Зайсан қ., Спамбетов көшесі 12-үй, 2-қабат;

• Жамбыл өндірістік филиалы – 26.07.2023 ж., жергілікті уақыт бойынша сағат 12:00-де, мына мекенжай бойынша: Тараз қ., Қ.Қойгелді көшесі 177, акт залы;

• Батыс Қазақстан өндірістік филиалы – 28.07.2023 ж., жергілікті уақыт бойынша сағат 15:00-де, мына мекенжай бойынша: Орал қ., Гагарин көшесі 29, конференц-зал

• Қарағанды өндірістік филиалы – 26.07.2023 ж., жергілікті уақыт бойынша сағат 12:00-де, мына мекенжай бойынша: Қарағанды қ., Ермеков көшесі 104/1, конференц-зал;

• Қостанай өндірістік филиалы – 26.07.2023 ж., жергілікті уақыт бойынша сағат 10:00-де, мына мекенжай бойынша: Қостанай қ., Алтынсарин көшесі, 130, конференц-зал;

• Қызылорда өндірістік филиалы – 26.07.2023 ж., жергілікті уақыт бойынша сағат 15:00-де, мына мекенжай бойынша: Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан көшесі 1, «Интергаз Орталық Азия» АҚ Қызылорда МГҚБ әкімшілік ғимараты, 4-қабат, конференц-зал;

• Маңғыстау өндірістік филиалы – 28.07.2023 ж., жергілікті уақыт бойынша сағат 15:00-де, мына мекенжай бойынша: Ақтау қ., «Капитал» БО, 12-шағын аудан, 79/4-ғимарат, 6-қабат.

• Шымкент өндірістік филиалы – 25.07.2023 ж., жергілікті уақыт бойынша сағат 11:00-де, мына мекенжай бойынша: Шымкент қ., Темірлан тасжолы 20/2-ғимарат, конференц-зал.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ІСТЕРІ КОМИТЕТІ «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СПОРТ КОЛЛЕДЖІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефонын көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

«Республикалық спорт колледжі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы, Тимирязев көшесі 41 мекенжайында орналасқан, 8 (727) 376-27-22, 8 (727) 376-25-24.

Колледж қызметінің мәні орта білімнен кейінгі білім беру және спорт саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады. Колледж қызметінің мақсаты Спорт және дене шынықтыру саласында жоғары білікті спортшылар мен мамандарды даярлау болып табылады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық; мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

3. Лауазымдық міндеттері:

Қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды, оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді, педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды, ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді, барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен бұқаралық спортты дамытуға бағыттайды, жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушылар және әдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшыларды дайындау деңгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спорт саласындағы шетелдің озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды, лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады, қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді, спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті жағдайларын жасайды, тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның әкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады, ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісім-шарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады.

4. Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология негіздері; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;

6) «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» 075-е нысан бойынша анықтама;

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау, хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде: 2023 жылғы «22» маусымнан бастап 2023 жылғы «06» шілдеге дейін жүргізіледі.

6. Конкурстың өткізілетін күні мен орны:

Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, онлайн форматында.

Конкурс қатысушыларына әңгімелесу өткізу күні қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 314-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-02-52, 74-06-55 телефондары бойынша алуға болады.

Жұртта қалған психиатриялық ауруханаға жолыңыз түссе, не істер едіңіз? Елес кезіп жүретін үйде оянсаңыз, қандай сезімде боласыз? Тас қараңғы бейтаныс бөлмеде жаныңызға жалбыраған шашы бар жалмауыз кемпір келсе, шыңғыруға шамаңыз қала ма? Бүгінде хоррор-квестке барып, өзіңізді қорқынышты фильмнің кейіпкері ретінде сезініп қайтуға мүмкіндік бар. Соңғы кездері сауықтың мұндай түрі біздің елде де танымал бола бастады. Неліктен адамдар оған үйір? Үрейлену бізге шынымен ұнай ма? Эмоцияны жасанды түрде шығарудың тағы қандай жолдары бар? Біз осыған шолу жасап көрдік.

ЖАСАНДЫ СЕЗІМ ЖАНДЫ ТОЙДЫРА МА?

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

АДАМДАРҒА АДРЕНАЛИН АУАДАЙ ҚАЖЕТ

Қорқыныш – біздің туғаннан бастап өміріміздің ақтық сәтіне дейін бірге жүретін негізгі эмоциялардың бірі. Ол ағзаның үйреншікті емес жағдайларға қайтаратын реакциясы түрінде көрініс табады. Қорқыныш әдетте белгісіздікке негізделеді: мен әрі қарай не боларын білмеймін – мен қорқамын. Қазіргі әлемде ақпараттың шектен тыс көптігінен де үрейге берілуіміз мүмкін: адам өз айналасындағы трагедияның ерте ме, кеш пе, өзіне де жетуі мүмкін екенін ойлап, үрейленеді. Психологтердің айтуынша, қорқыныш пен үрей біздің дамуымызға көмектеседі. Қорқынышымызды еңсере отырып, біз алға жылжимыз. Қорқынышы жоқ адамды мамандар қалыптан ауытқушылық ретінде қарастырады.

«Әсілінде адамдардың көбіне қорқыныш сезімі шынымен ұнайды. Қорқынышты жағдай кезінде асып-сасып, толқығанымызбен, ол аяқталғанда, дофамин гормоны бөлінеді де, біз эйфорияны бастан кешеміз. Сондай-ақ қорқыныш біздің ағзамызда адреналин гормонының бөлінуіне жол ашады, ал қандағы адреналиннің жетіспеушілігі депрессияға әкеледі. Қорқынышты фильмдер, хоррор-квестер, үрейлі аттракциондар, қысқасы, экстремал ойын-сауық индустриясының біржола жоғалып кетпейтіні де сондықтан», – дейді психотерапевт Айнаш Сарбалаева.

ХОРРОРДЫҢ ФАНАТТАРЫ КӨП

Хоррор-квест – соңғы жылдары елімізде жастар арасында танымалдығы артып келе жатқан сауық. Бір ғана Астананың өзінде мұндай квестерді жиырмаға тарта компания ұйымдастырады. Әрбірінде қорқынышты сюжеттің бесалты түрі бар, соған қарай ойын өтетін локациялар да әртүрлі. Бірінде сізге баскесерден құтылу міндеті жүктелсе, бірінде суға батып өлген қыздың елесінен қашуға тура келеді. Жұртта қалған психиатриялық ауруханада немесе балалар үйінде сайтандармен шайқас та күтіп тұруы мүмкін. Қысқасы, қорқынышты квестердің сценарийі әр алуан. Ойын басталмай тұрып, ойыншыларға оқиғаның жай-жапсары түсіндіріледі де, адамдардың басында хоррор-картина пайда болады. Тас қараңғы бөлмелерде жоғарыдағы кедергілерден өте жүріп, тапсырманы орындауыңыз тиіс.

Астанадағы ең қорқынышты квестердің бірінде әкімші болып жұмыс істейтін Сағындық Тайғановтың айтуынша, хоррор-энтертейнменттің фанаттары көп. Көптігі сонша, күніне бір локацияда тоғыз ойынға дейін өтеді. Ал бұл квестің қалада алты локациясы, сәйкесінше алты қорқынышты сюжеті бар. Әр локацияға тұрақты актерлер де бекітіледі.

«Біз актерлерді жұмысқа аларда олардың импровизациялық өнеріне ерекше мән береміз. Өйткені мұнда көрермен, яғни ойыншы да перформансты өзгертіп жіберуі мүмкін, сол кезде сценарий кенеттен бұзылып кетті екен деп актер сасып қалмауы керек. Екіншіден, әр актерді ойынға қосарда локацияны егжей-тегжейлі жаттап алуын қадағалаймыз. Негізі, көп адам актерлерде қараңғыда жақсырақ көруге мүмкіндік беретін линза бар деп ойлайды, бірақ олай емес. Олар жай ғана локацияның қуыс-қуысына дейін жақсылап меңгеріп алған», – дейді С.Тайғанов.

САБАҢА ТҮСІРЕТІН САУЫҚ

Бүгінгі заманда эмоцияны жасанды түрде шығаруға көмектесетін ерекше ойын-сауықтың енді бір түрі – крэш-рум. Крэш-рум термині ағылшынның crash (қират, ойранда) және room (бөлме) сөздерінің тіркесуінен туған. Оны wrecking club, break room, destroy room, anger room, rage room деп те атайды. Бірақ бәрінің де беретін мағынасы бір: адамдар әлгі жерге келіп, айналасындағы заттарды қирату арқылы агрессиясын шығарады.

Мұндай сауық түрі ең алғаш рет 2008 жылы Токиода пайда болыпты. Содан кейін жер-жерде танымал бола бастаған. Қазір АҚШ-тың өзінде 100-ден аса крэш-рум бар екен. Кіру құны әр жақта әртүрлі. Мысалы, Мэрилендтегісі 15 доллар тұрады: онда сындыратын заттарды өзіңіз ала барасыз. Сарайыңыздағы шаң басып тұрған теледидар, істен шыққан принтер, көнерген ыдыс-аяқ дәл осы тұста кәдеңізге жарайды. Ал Лос-Анджелестегі крэш-румға жолыңыз түсіп, 300 доллар төлесеңіз, бұзып-қирату үшін сізге мекеме тарапынан 100-ге тарта техника мен жиһаз беріледі.

Крэш-румды Астанадан да табуға болады. Мұндай орталықтар әдетте үш бөлмеден тұрады. Біріншісінде – light пакет, екіншісінде – medium пакет, ал үшінші бөлмеде ең қымбат саналатын hard пакет тарифтерінің заттары қойылған.

Бағасына қарай сізге қиратып-сындыруға берілетін дүниелердің де саны өсе түседі. Мәселен, әлденеге қатты ашуланып, теріңізге сыймай тұрсаңыз, hard пакетті таңдап, теледидар, оның астына қоятын шыны тұғыр, тәрелке, бокал, банка, стақан, үстел, автомобиль шинасы, спорттық груша секілді дүниелердің тас-талқанын шығарып, қиратып тастауыңызға рұқсат. Айтпақшы, бөлмеге кірер алдында сізге тоқпақ, кувалда, балға және сүймен сияқты қарулар ұсынылады. Мұнымен қоса, қауіпсіздік мақсатында үстіңізге ақ арнаулы жұмыс киімі, қолыңызға қолғап, көзіңізге көзәйнек кигізеді.

Есте қаларлық жаңаша ойын-сауық түрінде мұндай крэш-румдар қоғамда болғаны да дұрыс шығар, дегенмен мамандар агрессияны шығаруға көмектесетін ұзақмерзімді тәсіл ретінде тиімсіз екенін айтады. Өйткені адам бір әрекетті қайталап істей берсе, оның миы сол нәрселерді келесіде де жасағанын қалап, нәтижесінде соның жолын іздеумен болады. Демек, крэш-румдарға барып, бөлменің астан-кестеңін шығарсаңыз, бір сәтке жеңілдеп қалуыңыз мүмкін. Есесіне сіздің ашуланшақтық әдетіңіз мұнымен басылмайды, керісінше, үдей түседі. Оның орнына тыныштықта жалғыз ойланып, өз эмоцияңыздың түбіне үңіліп не болмаса медитация жасағаныңыз әлдеқайда пайдалырақ.

НҰРМАХАН ОРАЗБЕК АТЫНДАҒЫ ТУРНИР ӨТТІ

Ұлт баспасөзінде Нұрмахан Оразбек – өз орнын ойып тұрып алған тұлға. 1991 жылы 1 қаңтарда Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің маңдайында тұратын «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранды алып тастап, «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген сөзді орнатты. ГКЧП кезіндегі (Төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік комитет) «ИӘ, БҰЛ – ТӨҢКЕРІС!» деген мақала жазып ерлік жасады. Қарағандыда БАҚ қызметкерлері күні мерекесі қарсаңында алғаш рет бильярдтан облыс журналистері арасында Нұрмахан Оразбек атындағы І аймақтық турнир өтті.

Saryarqa Aqparat ЖШС-ның ұйымдастыруымен өткізілген додаға аймақтағы БАҚ саласында қызмет ететін журналистер қатысты. Аталмыш турнирге «Қоржынкөл-А» ЖШС Бас директоры Әбілқайыр Ошақбаев демеушілік жасады. Турнирге жас журналистер ғана емес, ардагерлер де қатысты. Нұрмахан Оразбек ағамыздың көзін көрген Әли Тойжігіт, Владимир Рыжков, Серік Сексен, Валерий Петухов сында аға журналистер естеліктерін айтты.

– Нұрмахан Оразбеков 1988-1991 жылдар аралығында облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакторы болды. Сол уақытта «Орталық Қазақстан» газеті қарқынды дамып, үлкен өзгерістер орын алды. Әділетті адам. Мықты редактор. Қарымды қаламгер. Біз сол кісінің құрметіне бірінші мәрте облыстық деңгейде турнир өткізіп тұрмыз. Болашақта бұл турнирді дәстүрлі түрде өткізуге тырысамыз, – деді ұйымдастырушы Saryarqa aqparat ЖШС директоры Қайрат Әбілда турнир барысында.

Қарсыластарды Қарағанды облыстық бильярд спорт федерациясының вице-президенті Мұхаммет Қайырбеков жеребе тарту арқылы анықтады.

Тартысты өткен ойында І орынды Ortalyq Qazaqstan газетінің интернет-редакция редакторы, ақын Ілияс Мұқай жеңіп алса, ІІ орынды – Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жәнібек Садықановқа бұйырды. ІІІ орын – «Индустриальная Караганда» газетінің ардагер фототілшісі Валерий Петуховте. Сонымен қатар, Журналистер одағы облыстық филиалының арнайы сыйлығын ардагер журналист Сүйіндік Жанысбай мен «Балқаш өңірі» газетінің бас редакторы Қуаныш Аманқұлов иеленді. Әли Тойжігіт ағамыз тіккен «Көрермен көзайымы» сыйлығы журналист Мақсат Бейсенаевтың қанжығасына байланды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

ЖАҢА ТРЕКТІ АТОМ СТАНСАСЫНДА ЖАЗДЫ

«Грэмми» сыйлығының иегері Иманбек Зейкенов (DJ Imanbek) атом стансасының дыбысымен жаңа трек шығарды. AtomSound деректі киножобасы мен трегінің премьерасы биылғы 17 маусым күні Санкт-Петербор Халықаралық экономикалық форумы аясында өтті.

Жоба Ленинград атом электр станциясында түсірілген. AtomSound жобасы – бұл әлемде теңдесі жоқ «атом дыбысы» мен музыкалық аспаптарды араластыру тәжірибесі, сондай-ақ инженерияны, ядролық физика негіздерін және музыканы органикалық түрде біріктірген дыбыстар физикасына арналған деректі фильм. Оның басты кейіпкері – DJ Imanbek. Түсірілім жұмыс істеп тұрған Атом стансасында өтті. Сондай-ақ DJ imanbek-тің бірегей трегі фильмнің финалында орындалды. DJ Imanbek «AtomSound» жобасында жұмыс істеу процесті ұйымдастыру тұрғысынан ең қызықты жоба болғанын атап өтті.

«Маған бірде мынадай ой келді: дыбыс – бұл атомдар тербелісі және дыбыстың табиғатын зерттеуге қызығушылығым оянды. Фильмнің тұжырымдамасын жасап болғаннан кейін Росатомға хат жаздым. Бірақ бұл идеяны тез жүзеге асыруға болатынына сенім аз еді. Жауап келесі күні-ақ келді: бізге Ленинград стансасында түсірілім жасау ұсынылды», – деп бөлісті музыкант.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Шынболат КҮЗЕКБАЙ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4317
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Көктем ҚАРҚЫН